AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕЙСЕНБІ №124 (4809)
3.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚОРДА

КЕНШІЛЕР МЕКЕНІ – ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ КИЕЛІ БЕСІГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Теміртауға жұмыс сапары барысында Qarmet акционерлік қоғамының ұжымымен және кәсіподақ мүшелерімен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде облыстың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Кеншілер мекенін нағыз еңбек адамдарының киелі бесігі десек, артық болмайды. Қазір облыс экономикасы қарқынды дамып келе жатыр. Бұл, әрине, қуанышты жағдай. Әсіресе аймақтағы шикізаттық емес өнім экспорты едәуір өскенін атап өту керек. Ауыр өнеркәсіп саласында жалпы құны 4,2 триллион теңге болатын өнім өндірілді. Бұл – шын мәнінде, зор жетістік. Еліміз бойынша да оң үрдіс жалғасуда. Осы жылдың соңына дейін Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің көлемі 398 миллиард долларға жетіп қалады. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткіш. Ал өңдеу өнеркәсібінің ел экономикасындағы үлесі 14 пайыздан асты. Мұның бәрі Қазақстан халқының табанды еңбегінің, ауқымды жұмысының жемісі екені сөзсіз. Осы орайда, әсіресе облыстың өсіп-өркендеуіне Qarmet зауыты мол үлес қосып отырғанын атап өткім келеді. Қарағанды металлургия зауыты отандық металлургияның қара шаңырағы, тұтас аймақтың экономикалық тірегі саналады. Бұл ірі кәсіпорын еліміздің индустриялық әлеуетін арттыру ісінде ерекше рөл атқарады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨРСЕТКІШІ

Президент Qarmet компаниясының бұған дейінгі жай-күйі күрделі болғанына назар аударды.

– Қабылданған батыл шешімдер жағдайды өзгертіп, осы бірегей комбинаттың дамуына тың серпін берді. Шығыстарды оңтайландыру және инвестиция тарту арқылы компания миллиардтаған шығыннан арылып, қиын кезеңді еңсерді. Осының нәтижесінде былтыр Qarmet 1,1 триллион теңге түсіммен таза пайдаға шықты. Кәсіпорында ауқымды жаңғырту бағдарламасы қолға алынды. Оны іске асыруға 2028 жылға дейін 3,5 миллиард доллар қаржы жұмсалады. Өндіріске озық технологиялар мен цифрлық шешімдер енгізуге айрықша мән берілуде. Жұмысты ұйымдастыру және еңбек қауіпсіздігі мәселесі ерекше бақылауға алынды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүгінде Qarmet бизнестің жоғары деңгейдегі



әлеуметтік жауапкершілігі қандай болатынын көрсетіп отыр.

– Мәселен, кәсіпорын өз есебінен Теміртаудағы трамвай қозғалысын толық қалпына келтірді. Мен әлгінде ғана трамваймен жүріп көріп, аталған бастаманы құптадым. Теміртау тұрғындарына тамаша тарту болды деп ойлаймын. Компания жас мамандарды оқытуға және жұмыспен қамтуға арналған «Болашаққа жол» әлеуметтік бағдарламасын қолға алды. Бірінші кезеңде еліміздің әр аймағынан 500-ге жуық адам қамтылады. Білікті мамандарға, әсіресе жұмысшы мамандық иелеріне сұраныс артып келеді. Бағдарлама, ең алдымен, осы үдеден шығады. Бұл бастамаға басқа да ірі кәсіпорындар қосылады деп үміттенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Металлургия комбинатының жетістіктері еліміздегі ауқымды өзгерістермен тығыз байланысты. Қазақстан дамудың жаңа тарихи кезеңіне қадам басты. Алайда қол жеткізген табысқа тоқмейілсуге болмайды. Алдымызда атқаратын шаруа көп.

– Еліміздің саяси жүйесінің берік құрылымы қалыптасты. Бұл реформалар, ең алдымен, мемлекет іргесін нығайту мақсатында жасалып жатыр. Әлемдік саясат пен экономикада мүлдем жаңа, әлі кенірек зерделеніп үлгермеген жағдаяттар пайда болған кезеңде мұның маңызы өте зор. Қазақстан пайдасымен қоса кемшілігі, тіпті тіршілікке қатер де төндіретін Жасанды интеллект үстемдік құратын жаңа әлемге ойдағыдай бейімделу үшін тыңғылықты дайындалуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміз тарихымызда бұрынсоңды болмаған қарқынды құрылысқа кірісіп, бүкіл азаматтық инфрақұрылым жаңғыратынын жеткізді.

– Келесі жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялаймын. Осы орасан жұмысқа «Халықтық құрылыс» деген атау берілді. Жолдауда атап өткенімдей, аталған ғаламат жобаға шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді. Бұл – орынды шешім. Өйткені «Халықтық құрылыс» аясында ел-жұртымыз барынша мұқтаж боп отырған жобалар іске асырылады. Ең маңыздысы, «Халықтық құрылыс» тұтас елді, барлық қала мен ауданды қамтиды. Шын мәнінде, біз баянды болашақтың сенімді іргетасын қалап жатырмыз. Өйткені жаңа әрі жөнделген жолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, электр станцияларын, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, ерекше балаларды оңалту орталықтарын, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйлерін, спорт нысандарын, бір сөзбен айтқанда, барлық азаматтық инфрақұрылымды бірнеше буын пайдаланып, игілігін көреді. Жалпы, «Халықтық құрылыстың» бүкіл мән-мағынасын «Құрылыс және тағы да құрылыс» деген бірауыз сөзбен түсіндіруге болады. Түптеп келгенде, бүгінгі және келешек ұрпаққа бағдарламалар мен тұжырымдарды емес (бірақ бұл да өте маңызды), біз оларға материалдық құндылықтарды, ең алдымен, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын аманат етіп қалдыруымыз керек. Халқымыздың әлдеқайда жайлы өмір сүруге, қазіргі өркениетті заманның барлық игілігін көруге хақы бар. Әділетті Қазақстанды құру стратегиясының басты мақсаты да – осы, – деді Мемлекет басшысы.

ТОЛАЙЫМ ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің этносаралық және дінаралық келісім саясатына және «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатына бейіл екенін мәлімдеді.

– Халық мүддесі жолындағы реформаларды табысты жалғастыру үшін ел ішінде бейбітшілік пен тұрақтылық болуы қажет. Қазақстанға жамандық тілеп, іс-әрекеті арқылы зиян келтіруге тырысатын кез келген адам «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес жауапқа тартылуға тиіс әрі солай болады. Елімізде заң мен тәртіп үстемдік құруы қажет. Қазақстан – бейбіт мемлекет. Біз бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосу үшін көршілес мемлекеттермен, сондай-ақ осыған мүдделі әлемдегі ірі немесе шағын елдердің барлығымен ынтымақтастықты нығайта береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Qarmet компаниясының мықты өндірістік базасы «Халықтық құрылыста» зор рөл атқаратынына сенім білдірді.

– Қазірдің өзінде Қазақстанның темірі құрылыста және өнеркәсіпте кеңінен қолданылады. Оны тұтыну көлемі арта беруге тиіс. Комбинат өнімі Саран қаласында жолаушылар автобусын шығаруға пайдаланылады. Жаңа құю-илемдеу кешені бой көтеріп жатыр. Мұнда келешекте болаттың мұнай, атом және машина жасау өнеркәсібінде сұранысқа ие өте сапалы түрлері шығарылады, – деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Qarmet компаниясының ұйымшыл ұжымы толайым табысқа табанды еңбектің арқасында жеткеніне тоқталды. Ол Qarmet жұмысшыларының ерен еңбегі, кәсібилігі мен өз ісіне адалдығы компанияны өрге жетелейтінін айрықша атап өтті.

– Осы жиынға былтыр ең жоғары ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болған Сергей Петрович Чернобай қатысып отыр. Сіздердің араларыңызда Qarmet компаниясының бұрынғы даңқын қайта оралту үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар баршылық. Жемісті жұмыстарыңыз зор құрметке лайық. Мемлекеттің саясаты озат жұмысшылар мен мамандарды ынталандыруға бағытталған. Былтыр сіздердей еңбекқор жандарға ілтипат көрсеттік. Бірақ мемлекеттің сіздерге, яғни өндіріс жұмысшыларына және ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне деген ізет-құрметі өзгермейді. Біз сіздерді әрдайым қолдаймыз. Сондықтан мен еліміздің индустриясы мен өнеркәсібін дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл – Отанымыздың игілігі үшін жасаған еселі еңбектеріңізге берілген лайықты баға, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент бизнеске жан-жақты қолдау көрсету қажеттігін мәлімдеді.

(Жалғасы 2-бетте)

БАУЫРЛАС ХАЛЫҚҚА БАҚ-БЕРЕКЕ ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғаннан жеделхат келіп түсті. Бұл жөнінде Қазақстан Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram арнасында жазды.

– Корея Республикасына ресми сапармен бағыт алған мен тарихи атамекеніміз – достас әрі бауырлас Қазақстан аумағымен ұшып барамын. Биыл мамыр айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарымның, сондай-ақ Сіздің жақында ғана Түркі мемлекеттері ұйымының 13-саммитіне қатысу үшін Анкараға келген сапарыңыздың табысты нәтижелері мен жылы сәттерін ықыласпен еске алдым. Осы орайда, Сіздің деніңізге саулық, көңіліңізге қуаныш, ал бауырлас Қазақстан халқына бақ-береке тілеген ізгі сәлемімді жолдағым келеді, – деп жазды түрік көшбасшысы жеделхатта.

Мемлекет басшысы ТМҰ саммитіне қатысу үшін Анкара қаласына ресми сапармен барған қазақ делегациясын жылы қарсы алған Түркия Президентіне алғыс айтты.

– Режеп Тайип Ердоған мырзаға Анкарада көрсеткен ілтипаты мен қонақжайлығы үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Елдеріміз арасындағы достық пен стратегиялық серіктестік одан әрі беки береді деп сенемін, – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев Х әлеуметтік желісіндегі парақшасына.

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ЕЛ

ЖАҢҒЫРҒАН ЖҮЙЕНІҢ ЖЫЛУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында инфрақұрылым жайына ерекше мән берді. Ал инфрақұрылым мәселесі әдетте қыс жақындаған тұста өзекті бола түседі. Өйткені бұл кезеңде халықты жылумен қамту мемлекеттің басым бағытына айналатыны белгілі. Сондықтан біз «Қуатты өңірлер – қуатты ел» айдарының кезекті шығарылымында аймақтардың жылыту маусымына дайындығын саралап көрдік.



→ 4

БЕРЕКЕНІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

Мемлекет басшысы 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялады. Оның аясында мемлекет әр облыс орталығында, ауданда, тіпті ауылда азаматтық инфрақұрылым нысандарын салып, жөндеуге белсенді кіріспек. Жолдар, әуежайлар, вокзалдар мен денсаулық сақтау мекемелерінің серпінді құрылысы басталады. Сондай-ақ барлық өңірде тұрғын үй, шығармашылық үйлері, спорт кешендері, кітапханалар және ғылыми орталықтар бой көтермек. Президенттің «Халықтық құрылыс» бастамасы елге тағы қандай игілік әкеледі?

(Жалғасы 6-бетте)



АҚОРДА

3 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

КЕНШІЛЕР МЕКЕНІ – ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ КИЕЛІ БЕСІГІ



(Басы 1-бетте)

– Жолдауымда мемлекет шағын бизнесті қолдау үшін бірқатар шара қабылдайтынын, соның ішінде алдағы үш жылда тексерістен босататынын айтқанымды білесіздер. Шағын бизнес жаңа салық шарттарына ойдағыдай бейімделуі үшін оған қазір қол ұшын созу керек деп ойлаймын. Кредитті арзандату мақсатында кәсіпорындарды қаржыландыру мәселесін де пысықтаған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиын соңында елдің өндірістік және индустриялық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Qarmet акционерлік қоғамының бір топ қызметкерін жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Салтанатты іс-шарадан соң Президент кәсіпорын жұмысшыларымен емен-жарқын әңгіме өрбітті. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа құю-илемдеу кешенінің құрылысы басталуына орай орнатылған ескерткіш тақтаға қол қойды.

ӨРКЕНДЕГЕН ӨНДІРІС

Теміртауға жұмыс сапары аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Теміртаудағы қалпына келтірілген трамвай қозғалысы жүйесімен танысты. Мемлекет басшысы трамваймен Республика даңғылынан «Инженер» аялдамасына дейін жүріп өтіп, атқарылған істің сапасын және жаңартылған көлік инфрақұрылымының пайдалануға толығымен әзір екенін көрді.

Qarmet компаниясы трамвайды қала халқының игілігіне екі жыл бұрын берген болатын. Содан бері аталған қоғамдық көлік қатынасы 1 миллионнан аса жолаушыны тасымалдаған. Қалада трамвайға арналған 30 шақырым шойын жол қалпына келтіріліп, ауыстырылды, жаңадан заманауи 8 вагон сатып алынды. Бұл трамвайдың кестеге сәйкес тұрақты жүруіне мүмкіндік берді. Рельсті көлікте жолаушыларға ыңғайлы болуы үшін электронды төлем жүйесі орнатылған, ал Qarmet кәсіпорнының жұмыскерлері мен ардагерлері тегін жүреді.

Президент Qarmet АҚ басшылығымен әңгімелесу барысында металлургтер қаласындағы трамвай қатынасын қалпына келтірудің маңызын атап өтті.

– Шын мәнінде, Теміртау үшін трамвай – заманаларды байланыстыратын дәнекер іспеттес. Тұрғындардың трамвай қатынасын қалпына келтіру туралы талабын орындағаныңыз дұрыс болыпты. Комбинатқа алғаш келгеніңізде Теміртау қаласын абаттандырумен міндетті түрде айналысу қажет деп айтқан едім. Өйткені қала күтім көрмей, тозып кетті. Әлі де атқарылатын жұмыс көп, дегенмен бастамасы жақсы. Теміртау тұрғындары табиғи газбен қамтамасыз етілді. Байқауымша, халықтың көңіл күйі көтеріңкі. Өйткені адамдар айналадағы оң өзгерістерді байқап, алғыстарын білдіруде. Еңбек ұжымының да көңіл күйі айтарлықтай жақсарғаны байқалады. Ең бастысы, жағымды үдеріс бар. Біз комбинатты міндетті түрде прогресс пен табыстың символына айналдырамыз, тіпті оны өркендетеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Qarmet конвертер цехының жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Qarmet болат балқыту өндірісінің негізгі буыны саналатын конвертер цехы жөнінде баяндалды.

Президентке домна пешінде балқытылған шойынның қалай құрышқа айналатыны, содан кейін үздіксіз құю қондырғысына және одан әрі илемдеуге жіберілетіні көрсетілді. Qarmet компаниясы 2024 жылы №1 және №2 конвертерлерде күрделі жөндеу жүргізіп, корпустарды толық ауыстырды және анағұрлым заманауи конструкциялар орнатты. Жаңғырту жұмыстары шығарылатын өнім түрлерін көбейтіп, қорытылған болат көлемін ұлғайтуға, құрал-жабдықтардың сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цехтағы бірқатар технологиялық үдерісті табиғи газға көшіру ісі жалғасып жатыр.

Qarmet директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев Мемлекет басшысына өндірістік көрсеткіштер өсімі және инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру барысы туралы есеп берді. 2026 жылдың қорытындысы бойынша 4 миллион тонна болат, 3,6 миллион тонна көмір және 3,9 миллион тонна темір рудасы концентратын өндіру жоспарланып отыр. Компания жұмысы басталғаннан бері инвестиция көлемі 2,7 миллиардтан аса долларды құрады. Бұл қаражат өндіріс қуатын жаңғыртуға және жаңа өнеркәсіптік нысан салуға бағытталды.

Qarmet – еліміздегі толық өндірістік циклге ие ең ірі тау-кен-металлургиялық компаниясы. Орталық Азиядағы өзінің көмір, темір рудасы кеніштері және энергетикалық базасы бар, интеграцияланған тау-кен-металлургиялық кешен. Компанияда шамамен 35 мың еңбеккер, соның ішінде 14 мыңнан астам адам Теміртаудағы металлургия комбинатында жұмыс істейді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысына Qarmet металлургия комбинатын аралау барысында №8 және №9 жаңа кокс батареяларының құрылысы жөнінде баяндалды.

Президентке аталған жоба Qarmet компаниясының ірі инвестициялық бастамаларының қатарына енетіні айтылды. Оның аясында жаңа кокс өндірісі қуатын жүзеге асыру қарастырылып отыр. Мұндай ауқымдағы құрылыс комбинатта соңғы бірнеше онжылдықта болмаған. Бас технологиялық сериктесі – ACRE Coking & Refractory Engineering Consulting Corporation компаниясы.

Екі батареяның жалпы жобалық қуаты жылына 1,5 миллион тонна құрғақ кокс өндіруге жетеді. Әр батареяда камерасының биіктігі 7,6 метр болатын 54 кокс пеші жұмыс істейді. Жаңа агрегаттар домна пешін осында өндірілетін кокспен тұрақты түрде қамтамасыз етуге, оның сапасын ұдайы сақтауға және экологиялық қауіпсіздіктің анағұрлым жоғары деңгейде болуына мүмкіндік береді.

1960-1970 жылдары пайдалануға берілген өндіріс қуатын алмастыратын батареяларды келесі жылы іске қосу жоспарланып отыр. Осылайша, Қазақстанда кокстеу өнімдерін терең өңдейтін алғашқы көмір химиясы кешені құрылады.

Сапар аясында Президент Qarmet компаниясының жаңа сұрыпты прокат кешенінің құрылыс алаңында болды. Өндіріс кешені іске қосылғанда жылына 540 мың тоннадан астам дайын өнім шығарады. Жобаның технологиялық сериктесі – қытайлық CERI инжиниринг компания-сы.

Мемлекет басшысына баяндалғандай, жаңа цех беріктігі жоғары, А600 және А1000 санатты болат арматура шығаруға, сондай-ақ бұрыштар, швеллерлер және басқа да сұранысқа ие металл өнімдерінің түрлерін көбейтуге мүмкіндік береді. Кешенде сағатына 100 тоннаға дейін металл өткізе алатын, өнімділігі жоғары қыздыру пеші бар.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Qarmet сұрыпты прокатты шығару көлемін ұлғайтады. Ал бұл ішкі нарықтың импортқа тәуелділігін азайтып, кәсіпорынның құрылыс сегментіндегі, соның ішінде АЭС құрылысындағы әлеуетін кеңейтеді. Қазір нысанда негізгі технологиялық жабдықтарды монтаждау және қажетті инфрақұрылымды салу жұмыстары жүргізілуде. Сұрыпты прокат цехын жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Qarmet компаниясының инвестициялық бағдарламасы 3,5 миллиард долларды құрайды. Металлургия комбинатында 4 жаңа жоба, атап айтқанда, №8, 9 кокс батареялары, сұрыпты прокат кешені, мырыштау және полимерлі жабын желісі, құю-илемдеу кешенінің құрылысы іске асырылып жатыр.

Компанияның стратегиялық мақсаты – 2028 жылға қарай жылына 5 миллион тонна болат, 9 миллион тонна көмір және 5 миллион тонна темір рудалы концентрат өндіретін деңгейге жету. Бұдан бөлек, өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, экологиялық көрсеткіштерді арттыру және отандық металл өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін күшейту міндеті тұр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Қарағанды облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы және өңірді одан әрі жаңғырту жоспары туралы ақпарат ұсынылды.

Тоғыз айдың қорытындысы бойынша облыс экономикасы 2,9 пайызға артып, өнеркәсіп өндірісі 4,9 пайызға ұлғайды. Айтарлықтай қарқын машина жасау саласында байқалды, өсім – 26,2 пайыз. Өңірдің 2032 жылға дейінгі инвестициялық портфелі жалпы құны 7 триллион теңгені құрайтын 186 жобадан тұрады. Оны іске асыру 36 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жаңа өндіріс орындарын құруға, шикізатты қайта өңдеуге, минералшикізат базасын нығайтуға, сондай-ақ отандық және шетелдік инвесторларды тартуға ерекше назар аударылып отыр.

Бұдан бөлек, Президентке агроөнеркәсіп кешені мен тұрғын үй құрылысын ілгерілету, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жөнінде баяндалды. Соңғы үш жылда Қарағанды облысында ауылдарға арналған 92 денсаулық сақтау нысаны мен 13 мектеп салынып, білім беру мекемелерін жаңарту жұмыстары жалғасып жатыр. Спорт, мәдениет, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бағыттарындағы жобалар қолға алынды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елді мекендер абаттандырылып, жаңа қоғамдық кеңістіктер мен экосаябақтар бой көтеруде.

Болжамға сәйкес, жыл қорытындысы бойынша облыс экономикасы 4 пайызға өседі. Өнеркәсіп әлеуетін кеңейту, инвестициялық жобаларды іске асыру және халықтың өмір сүру сапасын арттыру арқылы өңірді одан әрі өркендету жұмыстары жалғаса береді.

ҚҰРЫЛТАЙ

ЭНЕРГЕТИКАНЫ ДАМЫТУ МІНДЕТТЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Президенттің «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында белгіленген энергетиканы дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыру жолдары Құрылтайдың Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетінің жетекшісі Наталья Годунованың төрағалығымен өткен отырыста талқыланды. Кеңейтілген отырысқа Құрылтай Төрағасының орынбасары Дания Еспаева, депутаттар, тиісті мемлекеттік органдар мен еліміздің энергетикалық кәсіпорындарының өкілдері қатысты.

Құрылтай Төрағасының орынбасары Дания Еспаева Мемлекет басшысы жаңа тарихи кезеңдегі ел дамуының негізгі бағыттарының бірі энергетика саласына айрықша мән бергенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Жолдауда қазіргі жағдайда энергетикалық ресурстармен жеткілікті қамтамасыз етілу елдің бәсекеге қабілеттілігін, тіпті экономикалық дербестігін айқындайтын шешуші факторға айналғанын ерекше атап өтті. Бүгінде энергетика тұтас экономиканың дамуына тікелей ықпал етеді. Жаңа зауыттарды іске қосу, ауыл шаруашылығын дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект жүйелері мен деректерді өңдеу орталықтарының жұмыс істеуі үшін электр энергиясы жеткілікті көлемде болуы қажет, – деді вице-спикер.

Дания Еспаева Жолдауда энергетика саласының дамуын қамтамасыз етуге бағытталған нақты міндеттер қойылғанын еске салды. Олардың қатарында 2029 жылға қарай электр энергиясын өндіру қуаттарының тұрақты профицитін қамтамасыз ету, Балқаш және Мойынқұм атом электр станцияларын салу жобаларын жеделдету, отандық мамандарды даярлау, технологиялар трансферті және басқа да міндеттер бар.

Сонымен қатар салалық комитет төрағасы Наталья Годунова атап өткендей, Президент жаңа электр станцияларын салу, қолданыстағыларды және электр беру желілерін жаңғырту, электр энергиясын өндірудің әр түрін дамыту жөнінде тапсырма берді. Бұл шаралар жасанды интеллект негізіндегі цифрлық экономиканы қалыптастыру жөніндегі ауқымды міндетті іске асыру жағдайында ерекше маңызға ие. Мұндай инфрақұрылымды дамыту үшін электр энергиясының едәуір көлемі қажет, ал оған деген сұраныс үнемі арта береді. Оның айтуынша, алдағы бес, он және жиырма жылда Қазақстан экономикасының қандай болатыны бүгін қабылданатын энергетикалық шешімдерге байланысты.



Энергетика министрі Ерлан Аққенженовтің мәліметінше, бүгінде Қазақстанның энергетикалық жүйесінде 254 энергия көзі бар, оның ішінде 172-сі – жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) нысандары. Олардың жалпы белгіленген қуаты 27,1 ГВт-ты құрайды. 2029 жылдың соңына дейін тағы 13,3 ГВт жаңа қуатты іске қосу жоспарланып отыр. Бұл тұрғындар мен экономиканың болжамды қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, генерациялайтын қуаттардың 20 пайыздық профицитін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің төрағасы Алмасадам Сәтқалиев Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында отандық атом электр станциялары мен ядролық отын циклі саласындағы перспективалы өндірістерді шикізатпен қамтамасыз ететін уранның мемлекеттік стратегиялық резервін құру көзделіп отырғанын айтты. «Балқаш» АЭС жобасы бойынша инженерлік-іздестіру жұмыстары аяқталуға жақын, барлық қажетті халықаралық келісімге қол қойылған. Құрылыс жұмыстарын 2027 жылы бастау жоспарланып отыр. «Мойынқұм» АЭС салу ауданы айқындалып, жобаға қатысты тиісті үкіметаралық құжаттарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Отырыс барысында энергетика секторындағы ірі компаниялардың басшылары да сөз сөйледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов Қазақстанның атом энергетикасының ұзақмерзімді қажеттіліктерін ескере отырып, уран өнеркәсібі мен ядролық отын циклін дамыту мәселелері туралы баяндады. «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Ернат Бердіғұлов атом электр станцияларын салу жобаларының іске асырылу барысы туралы ақпарат берді. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы Ансар Айдаров жаңа генерациялайтын қуаттарды іске қосу жөніндегі мәліметтерді бөліссе, KEGOC АҚ Басқарма төрағасы Нәби Айтжанов Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесін дамыту мәселелеріне тоқталды.

Өз кезегінде Құрылтай депутаты Бекжан Әлімқұлов Президент Жолдауында айқындалған энергетикалық басымдықтарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі таңда Құрылтайдың қарауында энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыруға, сондай-ақ баламалы энергия көздерін дамытуға бағытталған екі заң жобасы бар. Депутаттың пікірінше, бұл екі бағыт бірін-бірі толықтырады. Энергия үнемдеу ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталса, баламалы энергетиканы дамыту энергиямен жабдықтау мүмкіндіктерін кеңейтіп, энергетикалық жүйенің икемділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Талқылау барысында депутаттар энергетика саласын одан әрі дамытуға қатысты бірқатар өзекті мәселені көтерді. Атап айтқанда, энергетикалық жүйені теңгерімдеу тетіктері, атом энергетикасын дамытудың ұзақмерзімді жоспарларында шағын модульдік реакторларды қолдану перспективалары, сондай-ақ электр энергиясын жинақтау жүйелерін енгізу форматтары жөнінде сұрақтар қойылды. Бұдан бөлек, шағын өнеркәсіптік қалаларда, оның ішінде Шахтинск қаласында жылу электр орталықтарын кеңейту мәселелері де сөз болды.

Отырысты қорытындылаған Наталья Годунова басты міндет – жоспарланған шаралардың іс жүзінде орындалуын қамтамасыз ету екенін атап өтті. Әрбір жоба бойынша нақты мерзімдер белгіленіп, қаржыландыру көздері айқындалып және дербес жауапкершілік жүктелуі қажет. Бұл ретте бақылау нысандардың нақты дайындығына, ықтимал кідірістерді уақытылы анықтауға және олардың себептерін жоюға негізделуге тиіс.

– Сонымен қатар заңнамалық кедергілерді жою, заң аясындағы актілердің қабылдануын және жаңа нормалардың нақты қолданылуын қамтамасыз ету қажет. Қолданыстағы өкілеттіктер аясында шешілуге тиіс мәселелер кідіріссіз пысықталуы керек. Комитет осы міндеттердің орындалуын бақылауда ұстайды. Түпкілікті нәтиже айқын, ол – сенімді энергиямен жабдықтау, жаңа өндіріс орындары мен жұмыс орындары, – деп түйіндеді комитет төрағасы.

3 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ:
АЙМАҚТАР ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Аймақтарда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын түсіндіруге арналған бірқатар кездесу өтті. Құрылтай депутаттары, мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері халықпен әлеуметтік қолдау, экономиканы дамыту, цифрландыру және инфрақұрылымдық жобалар мәселелерін талқылады.



ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТАҒЫ СЕРПІН

Елордада барлығы 10 кездесу өтті. Бизнес өкілдерімен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында, студенттермен Назарбаев Университетінде, мемлекеттік қызметшілермен «Есіл» ауданының әкімдігінде кездесу болды. Әлеуметтік мәселелер «Жансая» қызмет көрсету орталығында, №70 мектеп-лицейде, Еңбек ұтқырлығы орталығында және № 6 қалалық емханада талқыланды. Тағы үш кездесу Astana Hub, «Нұра» ауданы әкімінің аппаратында және Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде өтті. Бұл формат Жолдаудың ережелерін әртүрлі қызмет салаларының өкілдерімен талқылауға мүмкіндік берді.

Экономикалық және қоғамдық бастамаларды талқылауға Құрылтай депутаты, профессор Дихан Қамзабекұлы, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Табиғат Зейнұлқабден, жазушы-драматург Роза Мұқанова және Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин қатысты. Қатысушыларға Жолдаудың екі негізгі бағыты – Халықтық ауқымды құрылыс және халықтық цифрлық экономика түсіндірілді. Біріншісі әлеуметтік, көлік және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуды, екіншісі кәсіпкерлікті дамыту және азаматтардың табысын арттыру үшін технологияларды пайдалануды көздейді.

Табиғат Зейнұлқабден Президент тапсырмаларын іске асыру жоғары сапалы басқару шешімдерін және оларды орындаудағы жауапкершілікті талап ететінін атап өтті. Роза Мұқанова қоғамдық этика, оқу мәдениеті және салынып жатқан әлеуметтік нысандардың сапасы мәселелеріне назар аударды. Азамат Әмрин кәсіпкерлер мен студенттердің экономикаға қатысты сұрақтарына жауап берді.

Тағы бір бағыт әлеуметтік саясатқа арналды. Кездесулерде Құрылтайдың Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Ольга Перепечина атаулы көмектің маңыздылығын, қолдау ең алдымен өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға жетуі керектігін атап өтті. Ол сондай-ақ ең төменгі жалақы деңгейінің өсуіне, инфляцияны тежеу қажеттілігіне және цифрлық қызметтерді пайдалану қиынға соғатын қарттар мен азаматтар үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуына назар аударды.

Ольга Перепечинаның айтуынша, 2029 жылдың соңына дейін «Халықтық ауқымды құрылыс» бағдарламасына аясында салынатын нысандарды таңдау кезінде демографиялық жағдайды, өңірлердің нақты қажеттіліктерін және мектептердің, ауруханалардың, оңалту орталықтарының және басқа да әлеуметтік инфрақұрылымның болашақ сұранысын ескеру қажет. Ол жеке деректерді қорғауға және цифрлық сауаттылыққа ерекше назар аударды.

Astana Hub-та IT қоғамдастықпен кездесуде Құрылтай депутаты, Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмедиев Жолдаудың барлық бағыттарында цифрлық шешімдер қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстанның IT қызметтерінің экспорты бес жыл ішінде шамамен 30-33 млн доллардан 1 млрд долларға дейін өсті. Алдағы міндет – отандық компанияларға сыртқы нарықтарға шығуға, ал өңірлердің тұрғындарына цифрлық платформалар арқылы жұмыс пен сатып алушыларды табуға көмектесу.

Дархан Ахмедиев сонымен қатар құрылысты жоспарлау кезінде цифрлық қосарландыруды қолдану туралы айтты. Мұндай модельдер жаңа объектілердің қажеттілігін алдын ала анықтауға және инженерлік желілерге түсетін жүктемені бағалауға мүмкіндік береді. «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы Бағдат Мусин өз кезегінде жасанды интеллект IT кәсіпкерлікке кіру шегін төмендететінін атап өтті. Оның пікірінше, цифрлық экономиканы дамыту үшін талшықты-оптикалық желілер, деректер орталықтары және білім беру бағдарламалары қажет.

Энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияс жаңа жобаларды электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды. Ол қазіргі 27 ГВт электр желісінің белгіленген қуатына 2029 жылға дейін шамамен 13,3 ГВт қуаттылық енгізу көзделіп отырғанын хабарлады.

ҚОҒАММЕН АШЫҚ БАЙЛАНЫС

Осындай кездесулер Ақмола облысында Құрылтай, Қазақстан Халық Кеңесі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдерінің қатысуымен өтті.

Жұмыс сапары аясында делегация Көкшетау қаласында Ш.Уәлиханов атындағы университеттің оқытушылары мен студенттерімен, сондай-ақ «Тыныс» және «Новопэк» кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен кездесті. Ал Зеренді ауданында білім және мәдениет саласының өкілдерімен жүздесу ұйымдастырылды. Атап айтқанда, аудандық өнер мектебінің ұжымымен және Мәлік Ғабдуллин атындағы мектеп-гимназия педагогтерімен пікір алмасу өтті.

Делегация құрамында Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты Асхат Рахимжанов, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Бағдат Рахметуллина және Энергетика вице-министрі Ерлан Ақбаров болды.

Кездесулер барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстанның жаңа тарихи кезеңіндегі өзекті міндеттері» атты Жолдауын түсіндіруге ерекше назар аударылды. Талқылау өзегіне елдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту, халықтың әл-ауқатын арттыру, еңбек нарығын дамыту және тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету мәселелері арқау болды.

Құрылтай депутаты Асхат Рахимжанов 2027 жылды «Халықтық құрылыс» жылы деп жариялау бастамасының өңірлер үшін маңызына тоқталды.

– 2027 жылды «Халықтық құрылыс» жылы деп жариялау – еліміздің барлық өңірін қамтитын және азаматтардың өмір сүру сапасымен тікелей байланысты ауқымды бастама. Бұл бастаманың Ақмола облысы үшін де практикалық маңызы зор. Әр ауданның өзіндік инфрақұрылымдық қажеттіліктері бар. Сондықтан құрылыс жоспарларын әзірлеу кезінде тұрғындардың нақты сұраныстары ескерілуі маңызды. Сонымен қатар жаңа нысандарды салумен қатар, құрылыс сапасына, жұмыстардың мерзімінде орындалуына және инфрақұрылымды одан әрі күтіп-ұстауға да баса мән берілуі қажет, – деді Асхат Рахимжанов.

Жұмыс сапары аясында Қосшы қаласында да кездесулер ұйымдастырылды. Делегация өкілдері қалалық мектеп-гимназияға, «Виамедис» емханасына және қоғамдық мәдени-спорт кешеніне барып, педагогтермен, медицина қызметкерлерімен және тұрғындармен жүздесті. Кездесулерде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат және экономиканы дамыту мәселелері талқыланды.

Құрылтай депутаты Шолпан Каринова мұндай кездесулердің басты мақсаты Жолдаудың негізгі бағыттарын түсіндірумен ғана шектелмейтінін, азаматтардың пікірін тыңдап, қоғаммен ашық байланыс орнату да маңызды екенін атап өтті.

– Бүгінгі кездесудің мақсаты – Жолдаудың негізгі бағыттарын түсіндіру ғана емес, азаматтардың пікірін тыңдап, қоғаммен ашық диалог орнату. Өйткені кез келген бастаманың табысты жүзеге асуы – ортақ жауапкершілік пен бірліктің нәтижесі, – деп атап өтті ол.

Аталған жұмыс сапарлардың басты құндылығы – өңірдегі ахуалды жергілікті жерде зерделеп, халықтың ұсыныс-пікірін тікелей тыңдауға мүмкіндік беруінде. Әсіресе білім беру, өнеркәсіп, медицина және басқа да салаларда күнделікті еңбек етіп жүрген азаматтардың көзқарасы мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Ал тұрғындар үшін бұл – өздерін толғандырған мәселелерді тікелей жеткізіп, оларды шешу жолдарын талқылауға берілген мүмкіндік.

ТҰРҒЫНДАРДЫ КӨП ӨЗГЕРІС КҮТЕДІ

Президент Жолдауындағы ауқымды бастамаларды түсіндіру мақсатында Алматы қаласының әр ауданында Үкімет өкілдері, Құрылтай депутаттары мен Қазақстан Халық Кеңесі мүшелерінің халықпен кездесулері өтті. Жиындар барысында инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік қолдауды күшейту және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған түйінді мәселелер жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, Ұлттық қор қаражатын тиімді игеру, ең төменгі жалақыны кезең-кезеңімен өсіру және өңірдегі әлеуметтік нысандардың құрылысын жеделдету мәселелері басты назарда болды.

Әлеуметтік қызметтер үйінде Құрылтай депутаты Айдос Сарым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаев, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Айгүл Сәдуақасова, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов әлеуметтік қорғау саласының өкілдерімен кездесті. Сонымен қатар аталған жұмыс тобы мегаполистегі білім, медицина саласының өкілдерімен және Бостандық, Медеу ауданының тұрғындарымен жолықты.

– Біздің басты міндетіміз – Президенттің идеялары мен тапсырмаларын халыққа жеткізу, сондай-ақ аталған мәселелер бойынша азаматтардың пікірлерін, ұсыныстары мен ұстанымдарын жинақтау. Бүгінгі кездесу барысында әлеуметтік сала өкілдері мемлекеттік деңгейде шешуді талап ететін нақты түйткілдерді көтерді. Айтылған барлық ұсыныстың кейіннен жүйелеп, пысықтау үшін тіркеп жатырмыз, – деді Айдос Сарым.

Құрылтай депутаты Сергей Пономарев, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Мейіржан Отыншиев, Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов, Алматы қоғамдық кеңесінің мүшесі Асқат Қабашев және «Атамекен» ҰКП Алматы қаласы бойынша директоры Шыңғысхан Маманов бастаған екінші жұмыс тобы Алмалы, Әуезов және Жетісу аудандарының тұрғындарымен жүздесті. Одан бөлек, Ғылым ордасында ғылыми қауымдастық өкілдерімен, Инвестициялар үйінде кәсіпкерлермен кездесу өткізді.

– Кейінгі жылдары елімізде орасан зор өзгерістер болып жатыр. Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Мемлекет басшысы Жолдауында Үкіметке инфрақұрылымды жаңғыртудың нақты жоспарын әзірлеуді тапсырды. Ол үшін Ұлттық қорды мақсатты түрде пайдалану өте маңызды. Яғни мемлекеттік қаражат экономикалық және әлеуметтік қайтарымын беруге тиіс. Мемлекет басшысы атап өткендей, болашақ ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілік тек олардың шоттарына ақша жинап берумен ғана шектелмейді, дамыған ел құрып, оны мұра етіп қалдыру да маңызды. Сол үшін де республикада 70 денсаулық сақтау объектісі және 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет объектілері салынады, – деді Сергей Пономарев.

Келесі жұмыс тобының құрамында Құрылтай депутаты Айжан Скақова, Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов және Алматы қоғамдық кеңесінің төрағасы Нұржан Жақыпов болды. Олар Алатау, Наурызбай және Түрксіб аудандарының тұрғындарымен, сондай-ақ IT қауымдастық өкілдерімен, қала жастарымен кездесті. Онда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымның өкілдері тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымды дамыту, энергетика, су ресурсын үнемдеу мен азаматтарды қолдау жағын талқылады. Қуандық Қажкенов елдегі энергетикалық сектордың бүгінгі ахуалына тоқталып, алдағы ірі жобалар туралы баяндады.

– Мемлекет басшысы әрдайым энергетика саласына ерекше назар аударады. Энергетика министрлігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі бұл – электр энергетикасының көмір генерациясын дамыту. Одан бөлек, біздің министрлік газдандыру бойынша құзіретті орган болып есептеледі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі ең жоғары деңгейге жетті. Бұл 123,1 млрд киловатт сағатты құрады. Ал түптік көлемі 124,6 млрд киловатт сағатты құрады, яғни тапшылық бар. Сондықтан энергетикалық қауіпсіздікті арттыру және экономиканың өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа генерация қуаттары қажет. 2029 жылды қоса алғанда, жалпы қуаты 13,3 ГВт болатын энергетикалық қуаттар іске қосылады. Келесі жылы Алматы ЖЭО-3-те 544 МВт қуатпен қамтамасыз ететін тағы орталық іске қосу жоспарда бар. Газдандыруға тоқталсақ, қазір Алматы қаласында ешқандай үлкен мәселелер жоқ, – деді ол.

Ал Құрылтай депутаты Айжан Скақова азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін іс-шаралар туралы сөз қозғады. Оның ішінде алматылық арасында экологиялық мәдениетті, әсіресе су үнемдеу мәдениетін дамытудың өзектілігіне тоқталды.

– Реформаның нәтижесін әр отбасы сезінетіндей болуы керек. Қолдау шынымен мұқтаж жандарға жетуге тиіс, экономикалық өсім жаңа жұмыс орнын ашумен, нақты табыстың артуымен қатар жүруі қажет. Алматы үшін су қауіпсіздігі де аса маңызды: ауызсуды үнемдеп, мүмкіндігінше техникалық сумен алмастыруымыз керек, – деді Айжан Скақова.

Үш топқа бөлінген делегация мүшелері Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын түсіндіру мақсатында 15 кездесу өткізіп, оған 2 500-ге жуық адам қатысты. Өнір тұрғындары мен әртүрлі сала өкілдерін қамтыған бұл ауқымды кездесулер билік пен халық арасындағы байланысты нығайта түсті. Жиын барысында азаматтар көкейінде жүрген өзекті сұрақтарына тұщымды жауап алып, Президент Жолдауындағы жаңа бастамалардың мәні мен маңызын терең түсінді. Әрбір ұсыныс пен пікірдің назарға алынуы – өңірдегі түйткілдердің шешуін табуда халық үнінің әрдайым басты орында екенін айқын көрсетті. Осындай мазмұнды да ашық диалогтар қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып, ел болашағы үшін ортақ жауапкершілікті одан әрі күшейте түспек.

ӘDILET

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАРАДЫ

Тарихи орындарға виртуалды экскурсия ұйымдастыру, балалар шығармашылығын қолдау, ауыл театрларын дамыту және ұлттық дәстүрлерді дәріптеу. Осы және өзге де ұсыныстар «Әділет» партиясы жанындағы Miras республикалық кеңесінің алғашқы отырысында айтылды. Қатысушылар Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және Президент Жолдауында белгіленген міндеттер аясында қандай бастамаларды дамыту қажет екенін талқылады.



Жиынға «Әділет» партиясының Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, шығармашылық зиялы қауым, мемлекеттік органдар мен өңірлік филиалдардың өкілдері қатысты. Отырысты ашқан «Әділет» партиясы Төрағасының орынбасары Ержан Жылқыбаев ел дамуы тек экономикалық өзгерістермен, құрылыс жұмыстарымен және жаңа технологияларды енгізумен шектелмейтінін атап өтті. Бұл үдерісте білім, мәдениет, ұлттық құндылықтар мен азаматтардың қоғам алдындағы жауапкершілігі де маңызды рөл атқарады.

– Елдің дамуы тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Қоғамның ой-санасы, өзара құрмет пен азаматтық жауапкершілігі де аса маңызды. Сондықтан экономика мен руханият қатар дамуы қажет. Бұл жолда кітап оқу мәдениетін дамытуға, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге, тарихи мұраны сақтауға, отандық әдебиет пен өнерді қолдауға ерекше мән береміз, – деді Ержан Жылқыбаев.

Оның айтуынша, мәдениет пен қоғамға қатысты бастамалар әр өңірдің ерекшелігін ескеруге тиіс. Осыған байланысты партияның өңірлік филиалдары жанынан мәдени мұраны сақтау және жергілікті мәселелерді талқылаумен айналысатын Miras кеңестерін құру жоспарланып отыр. Сонымен қатар республикалық кеңестің көшпелі отырыстарын өңірлерде өткізу ұсынылды. Бұл зиялы қауым, қоғам және мемлекеттік органдар өкілдерінің мәдениет пен білімді дамыту мәселелерін бірлесіп талқылауына мүмкіндік береді.

Miras кеңесінің төрағасы, Құрылтай депутаты Жанарбек Әшімжан жаңа алаң қоғам үшін маңызды мәселелерді ашық талқылап, нақты ұсыныстар әзірлейтін орынға айналуға тиіс екенін атап өтті.

– Кеңес отырыстарының басты құндылығы – еркін пікір алмасып, қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік беруінде. Әсіресе руханият саласында қордаланған мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, оларды шешудің нақты жолдарын тиісті мемлекеттік органдармен, қоғаммен, кеңес мүшелерімен бірге жүзеге асырамыз, – деді ол.

Кеңес төрағасының орынбасары, Құрылтай депутаты Жарқынбек Амантайұлы мәдениет пен білімнің адами капиталды дамытудағы рөліне тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстанның ұзақмерзімді дамуы экономикалық көрсеткіштер мен технологиялық жетістіктерге ғана емес, халықтың білім деңгейіне, мәдениеті мен қоғамдық санасына да байланысты.

Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Нұртөре Жүсіп ауқымды өзгерістер кезеңінде ұлттық болмысты сақтаудың маңызын атап өтті. Ол елдің болашағын талқылағанда қазақ тіліне, әдебиетке, өнерге, салт-дәстүр мен тарихи мұраға ерекше көңіл бөлу қажет екенін айтты. Оның пікірінше, қазіргі қоғам мәдениетінің негізін үш қағидат – заң, тәртіп және еңбек құрауға тиіс. Сондай-ақ ол Қазақстанның ұлттық құндылықтарының бірыңғай жүйесін әзірлеуді ұсынды.

– Рухани құндылықтар, әдебиет, мәдениет, өнер, сәулет – осының барлығы күн тәртібінен түспеуі керек. Әсіресе қоғамдық мәдениет қалыптастыру мәселесіне келетін болсақ, бұл жерде заң, тәртіп, еңбек – осы үш таған негізге алынуы керек, – дейді Нұртөре Жүсіп.

Отырысқа қатысушылар бірқатар нақты ұсыныс та айтты. Ақын Оңайгүл Тұржан Қазақстанның тарихи орындарына виртуалды экскурсиялар ұйымдастыру бастамасын көтерді. Бұл заманауи технологиялар арқылы тұрғындарды, әсіресе жастарды еліміздің мәдени мұрасымен таныстыруға мүмкіндік туғызады. Құрылтай депутаты Дәулет Кәрібек балалардың шығармашылық жобаларын қолдауға көбірек көңіл бөлуді ұсынды. Бөріхан Нұрмұхамедов қоғамдық санадағы өзгерістерді тереңірек зерделеу үшін ауқымды әлеуметтанулық зерттеу жүргізу қажеттігін айтты. Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі, ақын Аманжол Әлтай ауылдық жерлердегі халық театрларының жұмысын қайта жандандырып, дамытуды ұсынды. Ал жазушы, драматург Жабал Ерғалиев өскелең ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық адамгершілік құндылықтарды кейінгі буынға жеткізу мәселелерін көтерді.

Талқылауға салалық ұйымдардың өкілдері де қатысты. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Рустам Әли ведомствоның мәдениет пен өнер саласындағы жұмысы туралы баяндады. Ал «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қорының басқарма төрағасы Ерлан Қанәлімов «Креативті өңір» және «Ұлттық қолөнер мектебі» жобаларын таныстырды.

Жиын қорытындысында қатысушылар Miras кеңесінің алдағы жұмыс бағыттарын айқындады. Олардың қатарында мәдени мұраны сақтау, қазақ тілін дамыту, әдебиет пен өнерді қолдау, сондай-ақ мәдениет пен қоғамдық даму мәселелерін талқылауға өңірлерді кеңінен тарту бар.

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ЕЛ

3 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЖАҢҒЫРҒАН ЖҮЙЕНІҢ ЖЫЛУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында инфрақұрылым жайына ерекше мән берді. Ал инфрақұрылым мәселесі әдетте қыс жақындаған тұста өзекті бола түседі. Өйткені бұл кезеңде халықты жылумен қамту мемлекеттің басым бағытына айналатыны белгілі. Сондықтан біз «Қуатты өңірлер – қуатты ел» айдарының кезекті шығарылымында аймақтардың жылыту маусымына дайындығын саралап көрдік.

Мадияр ТӨЛЕУ



Жалпы, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауда айтқан «Халықтық құрылыс» бағдарламасы да жылу беру инфрақұрылымын жаңғыртуды қамтитынын айта кетейік.

– Жаңа тарихи кезеңге қадам баса отырып, біз барлық азаматтық инфрақұрылымды салу және жаңғырту ісіне кірісіп жатырмыз. Алдағы бірнеше жылда барлық аймақта қарқынды құрылыс жүргізіледі. Бұған дейін айтқанымдай, біз жаңа автожолдар, өнеркәсіп және энергетика нысандарын, темір жолдар, көпірлер, инженерлік желілер, гидротехникалық нысандар, мектептер, ауруханалар, спорт кешендерін және мәдениет ошақтарын саламыз, – деген болатын Қасым-Жомарт Тоқаев.

Демек, әр өңірдегі жылу электр орталықтары, желілер бастама аясындағы атқарылар істен тыс қалмайды. Осы тұста қазіргі жағдайға қарай ойысайық. Қазақстан аумағында 37 ірі жылу электр орталығы жұмыс істейтінін білеміз. Бұған дейінгі жылдарда оның көбінің жағдайы көңіл көншітпеді, 19 орталық «қызыл», яғни қатерлі аймақта тұрған еді. Үкіметтің белсенді жұмысының арқасында олардың саны азайып, бесеу ғана болды. Бір жылдың ішінде 14 орталық күрделі жөндеуден өткізілген. Соның арқасында апаттар да азаятынын болжауға болады.

Негізі, елдің жылу жүйесіндегі ахуалды үш кезеңмен түсіндіруге болады. Әуелгісі – 2019 жыл. 37 жылу электр орталығының тозу деңгейі 60 пайыз шегінде еді, ал олардың қаншасы «қызыл аймақта» тұрғаны бағаланбаған. Жекеменшікке беру ісі осы уақытта қарқын ала бастады.

Келесі кезең – 2023 жыл. Бұл уақытты апаттар кезеңі және кей нысандарды мемлекетке қайтарумен бейнелеуге болады. Тозу деңгейі шарықтап, 66 пайызға жетті. Орталықтардың жартысынан көбі – 19-ы «қызыл аймақта» тұрды.

Ал 2026 жылдағы үрдіс мүлде басқаша. Тозу деңгейі 55 пайызға төмендеді. Ауқымды жөндеулердің арқасында қатерлі аймақтағы орталықтар саны 19-дан 5-ке азайды. Ескі орталықтардың орнын ақырындап жаңалары алмастыра бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғаса беретіні анық.

Айтпақшы, халықты жылумен қамту тақырыбын қозғағанда елді газдандыру жайын ұмыт қалдырмау керек. Өйткені ауылдар мен елді мекендер жылуды табиғи газдан алады. 2026 жылы елді табиғи газбен қамту көрсеткіші 64,2 пайызға жетті. 13,1 млн адам игілігін көріп отыр. Ендігі мақсат – 2035 жылға қарай газдандыру деңгейін 80 пайызға жеткізу.

Жылумен қамту ісінде жан жылытар жаңалық көп. Әйтсе де бұл қарқынмен тоқтап қалмау керегі белгілі. Орталықтар мен желілер түгелге жуық жаңарғанда ғана елдің әлеуметтік саласындағы үлкен белеске жеткен болып саналамыз. Қазіргі қарқын соның алғашқы баспалдағы іспетті.



Елдар ҚАБА (инфографика)



ҚАЛАНЫҢ ҚАМЫ – ДАЙЫНДЫҚ

Қылышын сүйреп қыс келе жатыр. Қаһарлы маусым таяған тұста тиісті мекеме өкілдерінің әзірлігі қыза түсетіні белгілі. Биыл да жылыту маусымына дайындық – күн тәртібіндегі мәселе. Ендеше, Алматы алдағы аязға қаншалықты әзір? Жылу желілерін жаңғырту жұмысы қандай нәтиже берді? Жақында осы сауалдарға жауап іздеп, Алматы қаласының әкімдігі мен «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-не ресми сұрау салдық.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қала әкімі Дархан Сатыбалдының мәлімдеуінше, бүгінде Алматы жылыту маусымына 100 пайыз дайын. Қазір шаһардың жылумен жабдықтау жүйесі қалыпты режимде жұмыс істеп тұр. Қысқа дайындық аясында инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға басымдық берілген. Дәлірек айтсақ, 21 шақырым жылу желісі жаңартылып, құбырлардың тозу деңгейін төмендетуге бағытталған жұмыс жалғасын тапты.

– Кейінгі үш жылда қаладағы жылу желілерінің тозуы 59,2 пайыздан 53,9 пайызға дейін азайған. Мамандар мұнымен шектелмей, жылу жүйесінің беріктігін тексеріп, сорғы станциялары мен апаттық қызметтердің дайындығын қамтамасыз етуге күш салды. Нәтижесінде, қала тұрғындары жылуға уақытылы қосылды, – деді «Алматы жылу жүйесі» ЖШС өкілдері.

Қала инфрақұрылымының тұрақты жұмыс істеуі ең әуелі инженерлік желілердің жай-күйіне тәуелді. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС дерегінше, 2023-2025 жылдар аралығында кәсіпорын шамамен 67 шақырым жылу желісін жаңғыртқан. Жауапты мамандар жүргізілген жаңғырту 2027 жылдың басына қарай желілердің тозуын 1,8 пайызға азайтуға мүмкіндік беретінін айтты. Қазір мекемеге қарасты жылу желілерінің жалпы ұзындығы 1 409,8 шақырымға жетеді.

Жылу желілерін жаңғырту барысында жұмыстың көлемімен қатар, қолданылатын материалдардың сапасы да маңызды. Себебі құбырлардың беріктігі мен жылуды сақтау қабілеті жүйенің ұзақ мерзімде жұмыс істеуіне әсер етеді. Кәсіпорын мәліметінше, жаңғырту жұмысында заманауи жылу оқшаулау материалдары мен технологиялар пайдаланылған. Соның бірі – алдын ала көбікполиуретанмен (КПУ) оқшауланған құбырлар. Мұндай технология жылу энергиясын үнемдеп, құбырларды коррозиядан қорғайды.

Жылу желілерін жаңартумен қысқа толық әзірміз деу әлі ерте. Себебі қаладағы жылу желілерінің кейбір бөлігі әлі де тозған құбырлардан тұрады. Олардың қысқы жүктемеге төтеп беруі маңызды. Осы мақсатта «Алматы жылу жүйесі» ЖШС жыл сайын гидравликалық сынақтар жүргізеді, яғни құбырларға жоғары қысым беріліп, олардың беріктігі тексеріледі. Бұл қыстың қақ ортасында құбыр жарылып, тұрғындар жылусыз қалмас үшін қажет.

Бұдан бөлек, дайындық аясында құбырлар мен бекіткіш арматураны жөндеу, бүлінген жылу оқшауламасын қалпына келтіру және қақпақтарды ауыстыру көзделген. Сондай-ақ 69 сорғы станциясының жабдықтарын жөндеу қарастырылыпты.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС ақпаратына сәйкес, биылғы жылыту маусымына 141 маманнан тұратын төрт жөндеу қызметі әзірленген. Ал апаттық қызметте әр ауысымда 22 адам кезекшілік атқарады. Одан өзге жеті пайдалану ауданына қарасты 33 учаскеде 625 маман жұмысқа жұмылдырылған.

– Жөндеу бригадалары қажетті материалдармен, жабдықтармен және арнайы техникамен қамтамасыз етілген. Кәсіпорынның барлық арнайы техникасы тексеріліп, жұмысқа дайындалған. Оқыс жағдайларға арнап материалдар мен жабдықтардың апаттық қоры да жасақталды. Бұл – құбыр жарылған немесе басқа да техникалық ақау туындаған жағдайда қажетті бөлшектерді іздеп уақыт жоғалтпау үшін қабылданған шара, – деді сала мамандары.

Осыған дейін мегаполис басшысы Дархан Сатыбалды жылыту маусымына қатысты өткізген жиында тұрғын үй қоры, мектептер мен балабақшалар, сондай-ақ денсаулық сақтау нысандары қысқы кезеңге толық әзір екенін мәлімдеген. Әкімнің сөзінше, арық желісіндегі 129 күрделі учаскенің 117-сінде жұмыс аяқталды. Қалалық коммуналдық қызметтер мен арнайы техника жауын-шашын кезінде де, қыс бойы да үздіксіз жұмыс істеуге дайын.

СЫННАН КЕЙІН ШИРАҒАН САЛА

Абай облысында жылу беру маусымына дайындық үшін қомақты қаржы бөлініп, ондаған шақырым жылу желісі жөндеуден өтті. Алайда Семейдегі жөндеу жұмыстарының белгіленген мерзімде аяқталмауы Үкімет деңгейінде сынға ұшырады. Бұл жағдай өңірдегі коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, қаражатты тиімді игеру және жауапты мекемелердің жұмысын үйлестіру мәселелеріне тағы бір мәрте назар аудартты. Ендігі маңызды міндет – жылуды уақытында берумен ғана шектелмей, оны қыс бойы үздіксіз қамтамасыз ету.

Эльмира ЖҮРСІНБЕККЫЗЫ,
Абай облысы

Биыл Абай облысында жылу жүйелерін жөндеу мен жаңғыртуға қомақты қаржы бағытталды. Ресми мәліметтерге сүйенсек, республикалық және облыстық бюджеттерден, сондай-ақ Үкімет резервінен жалпы 14,5 миллиард теңге қарастырылған. Оның ішінде республикалық бюджеттен – 6,6 миллиард, облыстық бюджеттен – 5,4 миллиард, Үкімет резервінен 2,5 миллиард теңге бөлінген. Бұл – аз қаражат емес. Мұндай қаржының артында мыңдаған тұрғынның алаңсыз қыстап шығуы, білім беру мен денсаулық сақтау нысандарының қалыпты жұмыс істеуі, тұтас елді мекендердің тіршілігі тұр. Демек, бөлінген қаражаттың нәтижесі де соған сай болуы керек. Қаражаттың игерілуі туралы есеп беруден бұрын, оның халықтың тұрмыс сапасына қаншалықты әсер еткені маңызды.

Бүгінде Абай облысында орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі үш қала мен бес ауданды қамтиды. Атап айтқанда, Семей, Курчатов, Аягөз қалалары және Үржар, Бородулиха, Абай, Жарма, Жаңасемей аудандарының тұрғындары орталықтандырылған жылу жүйесін пайдаланады. Бұл елді мекендерді жалпы саны 49 жылу көзі қамтамасыз етеді. Ал жылу желілерінің жалпы ұзындығы 409 шақырымды құрайды.

Өңірдегі жылу жүйесінің негізгі жүктемесі облыс орталығы Семей қаласына тиесілі. Мұнда №1 жылу электр орталығы мен 20 қазандық жұмыс істейді. Жылу желілерінің ұзындығы 325 шақырымға жетеді. Ал Курчатов пен Аягөз қалаларында және бес аудандағы жылу көздерінің жұмысы да жалпы өңірлік жылумен жабдықтау жүйесінің ажырамас бөлігі саналады.

Биылғы жылыту маусымына дайындық аясында облыс бойынша 17 жылу көзінде кеңейтілген ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 53,7 шақырым жылу желісі жөндеуден өткізілген. Бұл – өңірдің коммуналдық инфрақұрылымын қалыпты жұмыс жағдайында ұстауға бағытталған маңызды шаралар.

Семей қаласында 12 жылу көзінде кеңейтілген ағымдағы жөндеу жүргізіліп, тоғыз учаскедегі жалпы ұзындығы 26,1 шақырым жылу желісі қалпына келтірілген. Бұдан бөлек, қайта жаңғыртуға бағытталған жеті жоба аясында 20 шақырым жылу желісі мен бес орталық жылу пунктін жаңарту жұмыстары орындалған. «Теплокоммунэнерго» кәсіпорны өз қаражаты есебінен тағы 6,3 шақырым желіге ағымдағы жөндеу жүргізген.

Алайда жылу жүйесін жаңғырту бір маусымдық науқанмен шектелмеуі керек. Бүгін ауыстырылған құбыр ертеңгі қауіпсіздіктің кепілі болғанымен, желінің қалған бөліктеріндегі тозу деңгейі де назардан тыс қалмауға тиіс. Өйткені коммуналдық инфрақұрылымның сенімділігі жөнделген учаскелердің ұзындығымен ғана емес, бүкіл жүйенің техникалық жағдайымен өлшенеді. Сонымен қатар жылу желілері мен жылу көздерін жаңғыртуға бағытталған бес жоба келесі жылға өтпелі жобалар ретінде жоспарланған. Ұлттық жоба шеңберінде мемлекеттік құнды қағаздар есебінен 15,8 миллиард теңге қарастырылып, алты жоба бойынша келісімшарттар жасалған. Ал 2026 жылы ұзындығы 1,27 шақырым болатын Парус орталық жылу пунктін жылу желілерімен бірге қайта құру жобасы жүзеге асырылған. Мұның бәрі облыста жылу инфрақұрылымын жаңартуға белгілі бір деңгейде қаржылық және ұйымдастырушылық ресурс жұмылдырылып жатқанын көрсетеді.

Өңірдегі жылу жүйесін жаңғырту жұмыстарының ауқымды жүргізілуіне қарамастан, биылғы дайындық барысында мерзім мәселесі де күн тәртібіне шықты. Қазан айының басында өткен Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов жылу көздері мен желілердің дайындығын 1 қазанға дейін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасының орындалуына тоқталды. Оның айтуынша, өңірлердің басым бөлігі белгіленген мерзімді сақтағанымен, Семей қаласында жылу желілері уақытында дайын болмаған.

– Жылыту маусымы жоспарға сәйкес басталды. Оңтүстік және батыс өңірлерде жылу бекітілген кестеге және ауа райы жағдайына байланысты беріледі. Мен жылу көздері мен желілердің дайындығын 1 қазанға дейін қамтамасыз етуді тапсырған болатынмын. Бір өңірден басқасының бәрі бұл тапсырманы мерзімінде орындады. Тек Семей қаласында жылу желілері уақытылы дайын болмай шықты. Абай облысы әкімінің аталған салаға жетекшілік ететін орынбасарын тәртіптік жауапкершілікке тартуды тапсырамын, – деді Олжас Бектенов.

Үкімет басшысының сыны өңірдегі жылу жүйесін дайындау барысында ұйымдастырушылық мәселелердің болғанын көрсетті. Әсіресе миллиардтаған теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан жағдайда мұндай олқылықтың орын алуы заңды сұрақ туғызады. Егер қаржы қарастырылып, жобалар қолға алынған болса, онда не себепті жылу желілерін белгіленген мерзімге дейін толық дайындау мүмкін болмады?

Абай облысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына жауапты облыс әкімінің орынбасары Бекжан Бапышев жетекшілік етеді. Ол бұл қызметке 2026 жылдың шілде айында тағайындалған. Үкімет отырысында көтерілген мәселеге қатысты ол журналистерге түсініктеме беріп, жөндеу жұмыстарының кешігуін мердігер ұйымның кемшілігімен байланыстырды.

– Үкімет басшысы Олжас Абайұлының берген ескертпелері толығымен қабылданды. Семей қаласы бойынша 2 жылдық 5 жоба бар. Сол бір жоба бойынша, мердігер ұйым тарапынан олқылықтар болды. Яғни құрылғылар уақытылы жеткізілмеді. Бүгінде қондырғылар толығымен орнатылды. Жылыту маусымын толығымен бастадық. Бірінші кезекте әлеуметтік нысандар, екінші кезекте тұрғын үйлер қосылды. Тұрғындардың алаңдауына еш негіз жоқ, – деді Бекжан Бапышев.



Әрине, мердігер ұйымның жабдықтарды уақытында жеткізбеуі жобаның орындалу мерзіміне әсер етуі мүмкін. Алайда мұндай тәуекелдер алдын ала ескеріліп, бақылау тетіктері күшейтілуі керек еді. Жобаның жүзеге асырылуына жауапты тараптар жабдықтардың жеткізілуін, құрылыс-монтаж жұмыстарының кестесін және нысанның уақытында пайдалануға берілуін тұрақты бақылауға алуы қажет. Өйткені бір мердігердің жұмыстағы олқылығы бүкіл өңірдің жылу дайындығына қатысты мәселе туғызбауға тиіс.

Қазіргі мәлімет бойынша, Семейде жылыту маусымы қала әкімінің қаулысына сәйкес 5 қазанда басталған. Жылу көздері штаттық режимде жұмыс істеп, желілер үздіксіз қызмет көрсетіп тұр. №1 жылу электр орталығы мен 20 қазандық бекітілген температуралық кестеге сәйкес жұмыс істеуде. Кәсіпорын қоймаларында көмір қоры жинақталған.

Жалпы, Абай облысындағы жылу инфрақұрылымын жаңғырту мәселесін тек биылғы маусымның дайындығымен шектеуге болмайды. Өңірдегі 409 шақырым жылу желісін күтіп ұстау үшін жүйелі инвестиция, ұзақмерзімді жоспар және нақты бақылау қажет. Осы тұрғыдан алғанда, биыл басталған және келесі жылға өтетін жаңғырту жобаларының орындалуы ерекше маңызды. Әрбір жоба бойынша нақты мерзім, қаржыландыру көлемі, орындалған жұмыс пен күтілетін нәтиже ашық көрсетілгені жөн. Бөлінген 14,5 миллиард теңге мен Ұлттық жоба аясындағы 15,8 миллиард теңгенің тиімділігі тек игерілген қаражат туралы есеппен бағаланбауға тиіс. Негізгі өлшем – жылу жүйесінің нақты жақсаруы.

Сонымен бірге жөндеу жұмыстарының сапасына тәуелсіз техникалық бақылауды күшейткен жөн. Өйткені құбырды ауыстырудың өзі мәселені түбегейлі шешпейді. Жұмыс сапасыз орындалса, аз уақыттан кейін сол учаскеде қайтадан ақау шығуы мүмкін. Сондықтан мердігерлердің жауапкершілігі мен техникалық қадағалаудың сапасы қаржы көлемімен бірдей назарда болуы қажет.

Абай облысындағы жылу беру маусымына дайындық – тек коммуналдық кәсіпорындардың жұмысы емес, тұтас өңірлік басқару жүйесінің жауапкершілігін көрсететін маңызды сала. Мемлекеттік тапсырмалардың уақытында орындалуы, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуы, мердігерлердің міндеттемелерді сақтауы және жергілікті биліктің бақылауы өзара тығыз байланысты. Миллиардтаған қаржы бөлу – мәселені шешудің бір тетігі ғана. Одан кейін сол қаражаттың мақсатты жұмсалуын, жұмыстардың белгіленген мерзімде орындалуын және нәтижесінің сапалы болуын қамтамасыз ету қажет. Әйтпесе жыл сайын қомақты қаражат бөліп, жыл сайын бір мәселеге қайта орала беруіміз мүмкін. Бүгінде Абай облысында жылыту маусымы басталып, жылу көздері жұмыс істеп тұр. Алайда қыс әлі алда. Алдағы айларда коммуналдық жүйелердің шынайы дайындығы толық сыналады. Сондықтан жауапты мекемелер үшін басты міндет – жылу беру маусымын бастау ғана емес, оны ешбір іркіліссіз аяқтау.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ЕЛ

ҚАРАҒАНДЫ ҚЫСТА ТОҢБАЙДЫ



Қарағанды өңірінде барлығы 6 105 көпқабатты тұрғын үй мен мыңнан астам әлеуметтік нысан бар. Бұған дейін қысқы кезеңге дайындық аясында жылу желілері мен коммуналдық нысандарды жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Биыл бұл мақсатқа 30 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Жылыту маусымында тұрғындардың қауіпсіздігі басты назарда тұр. Өңірде 5 800-ден астам үй есепке алынып, профилактикалық жұмыстармен 14 мың адам қамтылды. Тұрғын үйлерге 243 өрт дабылқаққышы орнатылып, өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзудың 500-ден астам дерегі анықталды.

Төтенше жағдайлар қызметі пештерді, жылыту және электр жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырды. Өрттің алдын алу үшін түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жылыту маусымы бойы жалғасады.

– Жылыту кезеңіндегі қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінеді. Профилактикалық жұмыстар жылыту маусымы басталғанға дейін жүргізіліп қана қоймай, оның бүкіл кезеңінде жалғасады. Тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажеттігі тұрақты түрде түсіндіріледі, – деді Өртке қарсы қызмет комитетінің бас маманы Қарағанды облысының ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Елдос Зияда.

Қысқы кезеңге дайындықтың тағы бір маңызды бағыты – көмір қорын жасақтау. Қазір халық пен бюджеттік ұйымдар үшін 600 мың тоннадан астам көмір дайындалды. Оның 385 мың тоннаға жуығы тұрғындардың қажеттілігіне арналған.

– Облыс нысандарына жылу беру басталды. Қазір негізгі міндет – қалған жұмыстарды аяқтап, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының толық дайындығын қамтамасыз ету. Маңызды бағыттардың бірі – жылу желілерін жаңарту және реконструкциялау. 2026 жылы бюджет қаражаты есебінен жалпы ұзындығы 12,3 шақырым жылу желісін қамтитын сегіз жобаны іске асыру көзделген. Оның төртеуі «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылуда, – дейді Қарағанды облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев.

Бүгінде Теміртауда Qarmet-тің ЖЭО-2-де №2 қазандыққа күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Жылу беру маусымы басталғанда алты қазандықты қосты. Бұл қаланы жылумен қамтамасыз етуге жеткілікті. Ал ҚарМАЭС-1 стансасында №10 қазандық жөнделуде. Қысқы кезеңге қарай стансада үш қазандық агрегаты дайын болуға тиіс.


Сонымен қатар ЖЭО-2-ден шығатын жылу желісін жаңарту бойынша ірі жоба басталды. Жобаны 2027 жылы жоспарға сәйкес аяқтау үшін қыс мезгілінде де жұмыстар тоқтатылмайды.

Айтпақшы, биыл тамызда Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Қарағанды облысына барған іссапары барысында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасының жүзеге асырылуын және тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының алдағы жылыту маусымына дайындығын тексерген болатын.

Сол уақытта вице-премьер Теміртау мен Қарағанды қалаларында болып, жылу магистральдарының, су тазарту құрылыстарының, электр желілері мен қосалқы стансалардың жөндеу жұмыстарымен танысты. Бұл инфрақұрылымның басым бөлігі 1960-1990 жылдары пайдалануға берілген, ал кейбір нысандардың тозу деңгейі 70-80%-ға жеткен. Теміртауда негізгі жұмыс жылу желілерін жаңартуға бағытталған. ЖМ-3 жылу магистралінің 8,27 шақырым құбыры қайта жаңартылып жатыр. Бұл желі 60 мыңға жуық тұрғынды немесе 312 көпқабатты үй мен 22 әлеуметтік нысанды қамтамасыз етіп отыр. Магистраль 1967 жылдан бері пайдаланылып келеді, тозу деңгейі 75%-ға жеткен, ал соңғы бес жылда мұнда 38 ақау тіркелген.

Қарағанды қаласына келген Премьер-министрдің орынбасары сумен жабдықтау жүйесімен де танысты. Мұнда 50 жылдан астам уақыт бойы күрделі жөндеу көрмеген «Қарағанды Су» ЖШС-ның су тазарту кешенін қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нысанның тозу деңгейі 80%-ға жеткен, тек соңғы үш жылдың өзінде мұнда 89 апат болған. Бұл кешеннің үздіксіз жұмыс істеуі Қарағанды, Теміртау қалалары мен Ақтас кентінің 695 мыңға жуық тұрғынын, сондай-ақ Қарағанды ЖЭО-3 орталығын ауызсумен қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді. Қазір мұнда негізгі құрылыстар мен технологиялық жабдықтар жаңартылып жатыр.

Жұмыс сапары Қарағандыдағы М-3 жылу магистралін аралаумен аяқталды. Онда вице-премьер қаланың екі ірі жылу магистралін қайта жаңарту барысымен танысты. М-3 желісінде 2,4 шақырым құбыр жаңартылып жатыр. Мұндағы магистраль 183 мыңға жуық тұрғынды, 817 көпқабатты үйді және 611 әлеуметтік-мәдени нысанды жылумен қамтамасыз етеді. Қайта жаңартудан кейін қолданыстағы жүйенің тиімділігі артып, жаңа тұрғын үйлерді, әлеуметтік нысандар мен бизнес нысандарын қосуға мүмкіндік болады.





БИЫЛҒЫ МЕЗГІЛ БЫЛТЫРҒЫДАН ӨЗГЕРЕК...

Қазақстанда биылғы қыс өткен жылдармен салыстырғанда біршама жылы болуы мүмкін. Ал Атырау облысында қыс айларындағы ауа райы біркелкі болмайтынын білеміз. Осындай жағдайда қаланың жылу жүйесі мен коммуналдық инфрақұрылымының дайындығы сақадай сай тұруы керек.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

«Қазгидрометтің» 2026-2027 жылдарға арналған маусымдық консультативтік болжамына сәйкес, желтоқсанда Қазақстанның барлық өңірінде орташа ауа температурасы климаттық нормадан шамамен 2 градусқа жоғары болады деп күтіледі. Қаңтарда еліміздің басым бөлігінде температура нормадан 1-2 градусқа жоғары болғанымен, Атырау облысында климаттық норма шамасында болады деп болжанып отыр.

Дегенмен маусымдық болжам қыс бойы ауа райы тұрақты болады дегенді білдірмейді. Температураның күрт өзгеруі, екпінді жел, тұман, көктайғақ және қарлы боран болуы ықтимал. Сондықтан қысқа дайындық тек ауа температурасына емес, әртүрлі ауа райы жағдайында коммуналдық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуіне бағытталуға тиіс. «Қаладағы тұрғын үйлерге коммуналдық қызмет көрсету» ЖШС директорының орынбасары Елдос Пазыловтың айтуынша, Атырауда 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жаз айларынан басталған.

– Қаладағы 1 174 көпқабатты тұрғын үйдің 1 025-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Олардың барлығы гидравликалық сынақтан өткізіліп, жылыту маусымына дайындалды. Ал жеке қазандықтардан жылу алатын тұрғын үйлердің жүйелерін 27 қызмет көрсетуші ұйым өз қаражаты есебінен тазалап, шаю және қысқы пайдалануға әзірлеу жұмыстарын жүргізді. 1 қазаннан бастап әлеуметтік нысандарға, 7 қазаннан бастап орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған тұрғын үйлерге жылу берілді. Ықтимал ақауларды жедел жою үшін апаттық қалпына келтіру бригадалар құрылды, – деді ол.

Жылу жүйесінің сенімділігі тек қазандықтардың жұмысына емес, оны тұрғындарға жеткізетін құбырлардың жағдайына да байланысты. Осыған орай қалада жалпы ұзындығы 6,9 шақырым жылу құбырын ауыстыру жұмыстары қолға алынған. Жобаның жалпы құны – 481,2 млн теңге. Мердігер ретінде «Industry 2050» ЖШС анықталған.

Елдос Пазыловтың айтуынша, жаңарту жұмыстары Алмагүл шағынауданында, Канцев және Бейбарыс көшелерінде, Нұрсая тұрғын алабында жүргізілуде. Сонымен қатар «Қаладағы тұрғын үйлерге коммуналдық қызмет көрсету» ЖШС қарауындағы 13 жылу бекетін жөндеу және сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді. Тұлпар-1, Болашақ және Нұрсая тұрғын алаптарындағы жылу бекеттеріне төрт жаңа қазандық сатып алу жоспарланған. Бұдан бөлек, 13 жылу бекетіне газ есептегіш құралдарын орнату көзделген.

Қалада тұрғын үй кешендерінің инженерлік желілерін түгендеу және коммуналдық меншікке қабылдау жұмыстары да қатар жүріп жатыр. Қазір 26 тұрғын үй кешеніне мониторинг жүргізілуде. Тексеру барысында «Самал Таун», «Абырой», «Фемили» және «Мальтийский дворик» кешендеріндегі инженерлік инфрақұрылымның бірқатар мәселесі анықталған. Осыған байланысты қазандықтар мен кәріздік сорғы стансаларын жөндеуге қажетті құжаттар әзірленіп, конкурстық рәсімдер басталған.

Жалпы, алдағы қыс салыстырмалы түрде жылы болуы мүмкін. Дегенмен ауа райының құбылмалы сипаты коммуналдық инфрақұрылымға түсетін жүктемені жоққа шығармайды. Сондықтан жылу желілерін жаңарту, қазандықтарды дайындау және инженерлік нысандарды ретке келтіру жұмыстарының маңызы зор.

ЖҰРТ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАҒАН ЖОБА

Жылу беру маусымы – коммуналдық инфрақұрылымның дайындығы сыналатын кезең. Әсіресе Қызылорда секілді жазы аптап ыстық, қысы құбылмалы өңірде жылу жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі айрықша мәнге ие. Өйткені бір ғана қазандықтағы ақау немесе желідегі іркіліс ондаған тұрғын үй мен әлеуметтік нысанның жұмысына әсер етуі мүмкін.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Биыл Сыр өңірінде 2026-2027 жылдардағы жылу беру маусымы 5 қазанда басталды. Тиісті дайындық жұмыстары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіліп, қазір жылу көздері штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Қызылорда облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының дерегіне сәйкес, өңірдегі 1 079 әлеуметтік нысан мен 943 көпқабатты тұрғын үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Осы ретте қуаты 240 мегаваттық жаңа жылу электр орталығының іске қосылуы өңірдің энергетикалық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам екенін айта кеткен абзал. Бұл – бірінші кезекте мектептер мен балабақшалардан бастап, медициналық мекемелер мен мыңдаған отбасыны жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік арта түсті деген сөз.

– Қазір Қызылорда жылу электр орталығындағы №1 және №3 газ турбиналық қондырғылар, Оңтүстік қазандықтағы №5, №6 және №7 бу қазандықтары жұмыс істеп жатыр. Бұған қоса, 18 автономды қазандық пен Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі бір қазандық жылу беруде. Қазандықтар сыртқы ауа температурасына сәйкес бекітілген кесте бойынша жылу энергиясын 56/46°С температуралық режимде жеткізуде. Нақты уақытта жылу беру жүйесінің жұмысында қалыпты жағдай қалыптасқан, – дейді басқарма басшысының орынбасары Тахир Нәдірбек.



Негізінен, Сыр өңіріндегі қуаты 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының салынуы энергетика саласындағы маңызды жаңалықтың бірі саналады. Түркиялық «Акса Энерджи» компаниясы 215 млрд теңге инвестиция салған жаңа нысан биыл іске қосылды. Қазіргі уақытта орталықтағы екі газ турбиналық қондырғы электр энергиясын өндіріп жатыр. Олардың жалпы өндірістік көрсеткіші сағатына 133 мегаватты құрайды.

Негізінен, Сыр өңіріндегі қуаты 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының салынуы энергетика саласындағы маңызды жаңалықтың бірі саналады. Түркиялық «Акса Энерджи» компаниясы 215 млрд теңге инвестиция салған жаңа нысан биыл іске қосылды.

– Әрине, энергетикалық инфрақұрылымға мұндай көлемде инвестиция тартылуы өңір үшін маңызды қадам болып тұр. Жаңа қуат көздері электр энергиясын өндіру мүмкіндігін кеңейтіп, энергетикалық жүйенің дамуына серпін береді. Сонымен қатар заманауи технологияларды енгізу өндірістің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға жол ашады, – дейді Тахир Қуанышбекұлы.

Бірегей жоба аймақтың электр энергиясын өндіру көрсеткішін еселеп арттырады деген жоспар бар. Ең бастысы, инвестиция өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, тұтынушылар үшін нақты нәтиже береді деп күтілуде.

Негізінен, жылу маусымының тұрақтылығы қатты отынмен қамтамасыз ету жұмысына да байланысты болып келеді. Бұл тұрғыда құзырлы орын ұсынған мәліметке сәйкес, биыл облыс бойынша жылу беру маусымына 80 мың тонна көмір қажет екен. Оны өңірдегі 20 оператор бекітілген кестеге сәйкес жеткізіп жатыр. Мұның өзі жылу маусымының қаншалықты сенімді ұйымдастырылғанын бағалауға мүмкіндік береді.

Жалпы, Қызылорда облысында жылу беру маусымы сәтті басталып, негізгі жылу көздері іске қосылды. Бірінші кезекте жаңа жылу электр орталығының электр энергиясын өндіруі мен көмір жеткізу жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуі көңіл көншітеді.

Дегенмен алда әлі бірнеше айлық жауапты кезең тұр. Ауа температурасы төмендеген сайын жылу жүйесіне түсетін жүктеме артып, инфрақұрылымның нақты мүмкіндігі айқындала түседі. Сол кезде қазандықтардың сенімділігімен бірге желілердің жай-күйі, отын қоры және апаттық қызметтердің дайындығы да сыналатын болады.

Қорыта айтқанда, жылу маусымына дайындық сапасы тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен қаланың қалыпты тыныстіршілігін қамтамасыз етудің маңызды кепілі саналады. Бұл тұрғыда қазандықтардың уақытылы іске қосылып, жылу жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуі – осы бағыттағы жүйелі еңбектің нәтижесі. Ендігі кезекте жылыту маусымын іркіліссіз өткізіп, тұрғындардың қысты алаңсыз әрі жайлы жағдайда өткізуіне мүмкіндік жасау міндеті тұр.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 ДАМУ

3 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

БЕРЕКЕНІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Жаңа тарихи кезеңді» жария етті. Оның айтуынша, бұл кезеңде әрбір азамат толыққанды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтылады. Себебі, бұл – халықтың тұрмыс сапасын көтерудің маңызды шарты.

Бүкіл Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналады. Бұл жекелеген нысандарды салумен ғана шектелмейді. Мемлекет басшысы барлық аймақта жаппай құрылысты жандандыру міндетін жүктеді. Үкімет пен әкімдер әр облыстың қажеттілігін жан-жақты зерделеп, әрқайсында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларында нақты қандай нысан керегін анықтайды. Бұл жұмысты созбалаңға салмай, қысқа мерзімде аяқтау тапсырылды. Өйткені алдағы құрылыстың ауқымы мен бағыты осы талдау нәтижесіне тікелей байланысты болмақ.

– Жаңа тарихи кезеңге қадам баса отырып, біз барлық азаматтық инфрақұрылымды салу және жаңғырту ісіне кірісіп жатырмыз. Алдағы бірнеше жылда барлық аймақта қарқынды құрылыс жүргізіледі. Біз жаңа автожолдар, өнеркәсіп және энергетика нысандарын, теміржолдар, көпірлер, инженерлік желілер, гидротехникалық нысандар, мектептер, ауруханалар, спорт кешендерін және мәдениет ошақтарын саламыз. Заманауи инфрақұрылымдарды салу ісі ондаған жаңа өндіріс орындарын ашуға ықпал етіп, ең бастысы, халықтық цифрлық экономиканы дамытуға мүмкіндік береді, – деді Президент.

Мұның сыртында Үкімет бұрын-соңды болмаған «Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын» әзірлеу жұмысын қолға алды. Осы ауқымды әрі кешенді жоспарды қаржымен толыққанды қамту үшін алдағы үш жылда, 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге (14 миллиард доллардан көп) қаржы бөлінеді. Соның ішінде биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айында әлеуметтік нысандарды іске қосуға 1,5 триллион теңге көлемінде қаражат қарастырылады.

Ұлттық қор болашақ Қазақстанға арналған. Келешек ұрпақтың жарқын келешегін қамтамасыз ету үшін бұл бағыттағы іске бүгіннен бастап кірісіп, нақты әрі батыл шешімдер қабылдау қажет. «Өзекті мәселелерді кейінге қалдыруға болмайды. Әр мәселе өз шешімін табуға тиіс. Басты талап – осы: кейінгі буынға өркениетті, озық, жаңарған мемлекетті аманат етуіміз керек. Бұл – біздің міндетіміз және келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз», – деді Президент.

Ол өскелең ұрпаққа мол қаржымен қатар, технологиялық өркендеген, күшті экономикасы, озық инфрақұрылымы бар, өмір сүруге қолайлы, әр азаматтың өзін-өзі дамытуына барлық жағдай жасалған жаңа тұрпатты мемлекет қалдыруды «тарихи маңызды миссия» деп атады.

ӨРКЕНДЕУДІҢ ӨРІСТІ ЖОЛЫ

Президенттің «Халықтық құрылыс» бастамасы ел өміріне бірнеше бағытта оң өзгеріс әкелуге бағытталған: мультипликативті әсері зор болмақ. Бұл – тек құрылыс жобалары емес, халық тұрмысын жақсартуға, адам капиталын дамытып, азаматтарға жаңа мүмкіндіктер ашуға және ел болашағына инвестиция салуға арналған ауқымды бағдарлама. Ол азаматтардың әл-ауқатын арттыратын, кәсіпкерліктің өркендеуіне, ұлттық экономиканы жандандыруға зор ықпал ететін «төл тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жобаға» айналуға тиіс.

Мысалы, халықтық құрылыс аясында ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту ісіне де баса мән беріледі. Қ.Тоқаев мұны «стратегиялық маңызы бар міндет» деп бағалады. Үкімет пен «Бәйтерек» холдингіне нақты шешімдерді қабылдау жүктелді.

Бұдан бөлек, жаңа бастама мұнайға тәуелділіктен арылуға күш салған экономиканың жаңа тірегі – өндеу саласын өрге сүйрей алады. Бағдарлама аясында «өнімді терең өңдеумен айналысатын, еңбек өнімділігін арттыратын жобаларға басымдық беріледі». Соның нәтижесінде, алып инфрақұрылым жобаларын тұрғызуға қажетті құрылыс материалдары, металл конструкциялары, инженерлік жабдықтар елімізде өндіріле бастауға тиіс. Мұндай жаңа зауыт-кәсіпорындар да «Халықтық құрылыс» бағдарламасының бір бағытына айналмақ.

Жалпы, Үкімет жыл соңына дейін нақты жобалардың бастапқы тізімін әзірлейді. Бұл тізім барлық аймақты қамтиды. Бұған қоса, осынша ауқымды жобаны жүзеге асыруда қаржы мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Ұлттық қор қаражатын жинақтау мен жұмсау арасында тепе-теңдіктің сақталғаны маңызды. Ел қаржысы тек қоғамға нақты пайда әкелетін, елдің дамуына үлес қосатын жобаларға бағытталуға тиіс.



Жобаларды жүзеге асыруға жергілікті жердегі шағын және орта бизнес өкілдерін кеңінен тарту да маңызды. Әсіресе техникасы мен материалдық мүмкіндігі бар, тәжірибесі мол кәсіпкерлерге басымдық берілмек. Бұл бір жағынан құрылыстың сапасын арттырса, екінші жағынан жергілікті бизнестің дамуына, жаңа жұмыс орындарына жол ашады. Бүкіл құрылыстың барысы қатаң бақылауға алынады.

Қ.Тоқаев «Халықтық құрылыс» бағдарламасын жүзеге асыру барысында қаржының шығындалуын бақылайтын мемлекеттік комиссия құрылатынын мәлімдеді. Комиссия құрамына салалық ведомство басшылары, Құрылтай мен мәслихаттар депутаттары, Халық Кеңесі мүшелері, қоғам қайраткерлері, белсенділер, волонтерлер мен журналистер кіреді. Сөйтіп, бағдарламаның жүзеге асуына қоғам өкілдері де тікелей атсалыспақ.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Мемлекет басшысының бастамасы аясында бірінші кезекте аймақтарда 70-ке жуық денсаулық сақтау нысаны салынады. Перзентханалар, ауруханалар, жедел медициналық көмек көрсету стансалары, балаларға арналған оңалту орталықтары, ерекше балалардың сұранысына сай спортзалдар бой көтереді.

Сондай-ақ 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет мекемелерінің құрылысы басталады. Бұдан өзге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын жаңғыртуға қомақты қаржы бөлінеді. Көптеген елді мекенге газ және таза ауыз-су тартылады.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Президент тапсырмасын орындау үшін өңірлердегі медициналық-демографиялық жағдайды және тиімділік өлшемшарттарын ескере отырып, денсаулық сақтау нысандарын салу қажеттілігіне талдау жүргізгендерін жеткізді. Талдау қорытындысы бойынша елдің барлық өңірінде 70-ке жуық жаңа денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланды.

– Атап айтқанда, «Халықтық құрылыстың» алғашқы кезеңінде еліміз бойынша 1 700 төсекке арналған 8 заманауи перзентхана салынады. Оның екеуі Астанада, қалғаны Алматы, Шымкент, Қарағанды, Қаскелең, Қызылорда, Орал қалаларында бой көтереді. Балаларға көрсетілетін медкөмекті кеңейту, мамандандырылған, жоғары технологиялы көмектің қолжетімділігін арттыру үшін Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Қаскелең, Семей, Ақтау қалаларында жалпы саны 1 550 төсекті құрайтын 7 көпбейінді балалар ауруханасы, Астанада 200 төсекке арналған Балаларға шұғыл көмек көрсету орталығы және 350 төсекке арналған Балалар хирургиясы орталығы тұрғызылады, – деді министр.

Ақтау, Атырау, Қызылорда, Алматы мен Семейде «Балаларды оңалтудың ұлттық орталығының» 5 үлгілік өңіраралық филиалы ашылады. 8 ірі денсаулық сақтау объектісі де пайда болады: арасында Жамбыл облысындағы жұқпалы аурулар ауруханасы, ШҚО, Абай, Түркістан облыстарындағы көпбейінді ауруханалар, емханалар мен мамандандырылған корпустар бар. Соның нәтижесінде шамамен 1,8 млн шаршы метрлік медициналық инфрақұрылым құрылады. Стационарлардағы төсек саны 9,2 мыңға ұлғаяды. Амбулаториялық көмек қуаты ауысымына 5 мыңнан астам келушіге көбейтіледі.

Бастама аясында Өнеркәсіп және құрылыс, Көлік, Энергетика және Оқу-ағарту министрліктері әкімдіктермен бірлесіп, 2026 жылдың соңына дейін өңірлердің қажеттіліктерін талдап, жергілікті жолдарды, инженерлік желілерді, білім беру нысандарын салу және жаңғырту жобаларының тізбесін қалыптастырады. Өнеркәсіп министрлігіне құрылыс материалдары мен жабдықтарын шығаратын отандық өндірушілердің құрылыс жұмыстарына кеңінен қатысуын қамтамасыз ету жүктелді.

Көлік министрлігі келесі 2027 жылы барлық көлік өткізу бекеттерін салу мен жаңғырту жұмыстарын аяқтап, «Бақты – Аягөз» теміржол желісін іске қосады. Жергілікті автожол желісінің жай-күйін, жолдарды салу мен жөндеу мәселелерін ерекше бақылауға алады.

Жаңа әуе айлақтарын салу да – жаңа бағдарламаның ажырамас бөлігі. Жақын арада Зайсан, Қатонқарағай және Кендірлі әуежайлары жұмысын бастайды деп күтіледі. 2027 жылы Астанада жаңа заманауи әуежайдың құрылысына кірісу жоспарланып отыр. Жобаға саланың әлемдік лидерлерінің бірі серіктес болмақ.

– Тура бір ай бұрын осы жоба бойынша Астана әкімдігі, Көлік министрлігі және Сингапур әуежайының басшылығы арасында меморандум бекітілді. Техникалық-экономикалық негіздеме мен жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Сондай-ақ зерттеу жұмыстары басталды. Жалпы, бұл – нағыз мегажоба. Әдетте, мұндай құрылыс 5 жылдан көп уақытты талап етеді, – деді Көлік вице-министрі Талғат Ластаев.

Энергетика министрлігі «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, Түркістан, Қызылорда, Алматы және Екібастұз қалаларында электр стансаларын салуға тиіс. Келесі жылы «Балқаш» АЭС-інің құрылысы басталады.

Қорыта айтқанда, «Халықтық құрылыс» – елдің бүгінгі сұранысы мен келешек ұрпақтың мүддесін тоғыстырған стратегиялық бастама. Қазақстанның әр өңірінде басталатын жаңа әрі ірі құрылыстар ел экономикасына тың серпін беріп, халық пен бизнеске жаңа мүмкіндіктер ашуға тиіс. Бүгінгі ауқымды бағдарлама ертеңгі қуатты экономиканың, жайлы өмірдің және жарқын болашақтың берік іргетасына айналса, қойылған ұлы мақсаттың орындалғаны.

«ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС» – ӨРКЕНДЕУ ӨРІСІ

Елдің еңсесін көтеріп, экономикасын өркендету туралы әңгіме болғанда, әуелі көзге түсетіні – қаладағы зәулім ғимараттар мен күрежолдар. Алайда ел дамуының шынайы қарқынын шалғайдағы ауыл мен ауданның тыныс-тіршілігінен де аңғаруға болады. Өйткені бұқараға қолайлы орта қалыптастырмай, өңірлердің әлеуетін толық ашу мүмкін емес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы Жолдауында көтерілген ауқымды инфрақұрылымдық құрылыс бастамасының мәні де осында.

Кәмила ДҮЙСЕН

Мемлекет басшысы көздеген мақсат – технологиялық тұрғыдан дамыған, экономикасы қуатты, инфрақұрылымы заманауи әрі азаматтардың қарым-қабілетін толық ашуына мүмкіндік беретін жаңа ел қалыптастыру. Бұл міндетті орындауда ауылдық аудандардың жағдайына айрықша назар аударудың жөні бар. Себебі қала мен ауыл арасындағы өмір сүру сапасының алшақтығы әлі де сезіледі.

Үкіметтің 2025 жылғы бағалауына сәйкес, Өңірлік стандарттар жүйесі бойынша нысандармен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі қалаларда орта есеппен 89,1 пайызды құраса, ауылдарда бұл көрсеткіш 67,6 пайыз болған. Екі арадағы айырмашылық инфрақұрылымдық инвестициялардың қай бағытқа көбірек қажет екенін аңғартып отыр. Оның үстіне, ауыл халқының қалаға көшуі де бәсеңдейтін емес. 2025 жылы ауылдан қалаға бағытталған таза көші-қон ағыны 129,4 мың адамға жеткен. Бұл – 2000-2025 жылдар аралығындағы ең жоғары көрсеткіш.

АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ АШЫЛСА ИГІ

Qazaq Expert клубының өңірлік даму саласындағы сарапшысы Фатима Герфанованың пікірінше, мұндай жағдайда аудандарды дамыту тек инфрақұрылым тапшылығын жоюмен шектелмеуі керек. Ең бастысы – тұрғындардың өз өңірінде еңбек етіп, кәсіп ашып, отбасымен тұрақтап қалуына мүмкіндік беретін орта қалыптастыру.

– Ауылдық аудандар үшін инфрақұрылымды жаңарту – халықтың тұрмыс жағдайын жақсартумен қатар, экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтудің жолы. Инженерлік коммуникациялармен қамтамасыз ету кәсіп ашып, өндіріс орналастыруға кететін шығынды азайтады. Ал тұрғын үй мен әлеуметтік қызметтердің дамуы қажетті мамандарды өңірге тартуға және олардың осында тұрақтап қалуына ықпал етеді. Егер сұранысқа ие кәсіпкерлік жобалар қатар дамыса, құрылыс аяқталғаннан кейін де экономикалық белсенділік тоқтамайды. Тұрақты жұмыс орындары ашылып, жергілікті жеткізушілерге тапсырыс көбейеді, жаңа қызмет түрлері пайда болады. Мұның бәрі, түптеп келгенде, халықтың табысына әсер етеді, – дейді сарапшы.



Шынында да, инфрақұрылымға құйылған қаржының қайтарымы салынған нысанның өзімен өлшенбейді. Оның айналасында қандай экономикалық қозғалыс пайда болды, жергілікті кәсіптің тынысы ашылды ма, өңірге жеке инвестиция келді ме – мәселенің мәні осында. Сондықтан мамандардың сөзіне сүйенсек, инвестициялардың тиімділігін бағалағанда пайдалануға берілген нысандардың санымен ғана шектелмей, тартылған жеке капиталдың көлеміне, құрылған жұмыс орындарына және салық түсімдерінің өзгерісіне де назар аудару қажет.

Дегенмен бұл нәтижеге қол жеткізу үшін құрылыс жұмыстарының ретін дұрыс белгілеу маңызды. Өндіріс тұрғын үй мен әлеуметтік инфрақұрылымнан бұрын дамып кетуі мүмкін. Керісінше, жаңа қоғамдық нысандар бой көтергенімен, сол өңірде тұрақты жұмыс табу мүмкіндігі қарастырылмай қалуы ықтимал. Мұндай сәйкессіздік бөлінген қаражаттың тиімділігін төмендетеді.

Сарапшының айтуынша, осы тектес тәуекелдердің алдын алу үшін ауданның ұзақмерзімді даму жоспары қажет. Ол өндіріс, тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылымның даму қарқынын өзара үйлестіріп, инвестициялардың кезектілігін айқындауға мүмкіндік береді.

– Қаражаттың тиімсіз жұмсалу қаупін азайту үшін даму жоспарларын облыстар мен ауылдық елді мекендер деңгейінде нақтылау керек. Нысандардың қайда орналасатыны мен қандай қуатта салынатыны демографиялық болжамдарға, жұмыспен қамту перспективаларына және тұрғындардың пікіріне сүйеніп анықталғаны жөн. Ең алдымен, халыққа қандай қызметтер қажет екенін, адамдардың өз ауданында қалып, өмір сүруіне және жұмыс істеуіне не кедергі екенін білу маңызды. Өйткені әр өңірдің сұранысы мен мүмкіндігі бірдей емес. Жоспар да сол ерекшеліктерді ескергенде ғана нәтижелі болады, – деп атап өтті Фатима Герфанова.

Ауданның тартымдылығы бір ғана көрсеткішпен өлшенбейді. Жұмыс таңдау мүмкіндігі кеңейіп, кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасалып, балалардың дамуына қажетті орта қалыптасса, отбасылардың болашағын туған өңірімен байланыстыруына негіз көбейеді. Экономикалық мүмкіндік пен өмір сүру сапасы қатар артқан жерде халықтың басқа жаққа қоныс аударуына да себеп азаяды.

Мұндай өзгерістерді бағалау үшін тұрғындар арасында сауалнама жүргізіп, олардың қажеттілігі мен өңірде қалуға деген ниетін зерделеуге болады. Ал инвестициялардың нақты нәтижесі жұмыспен қамту деңгейінен, жеке инвестициялар көлемінен және салық түсімдерінің өсімінен көрінеді.

Ауқымды құрылыстың басты өлшемі де осы болуы керек: жаңа нысандардың көбеюі ғана емес, сол нысандардың өңір экономикасына жан бітіріп, тұрғындардың өз ауданында өмір сүруіне мүмкіндік жасауы. Өйткені ауылдың әлеуеті артқанда ғана ел дамуының іргесі де берік болмақ.

ҚҰРЫЛЫС – ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Осы бастаманың экономикалық салмағы құрылысқа бөлінетін қаржының көлемімен ғана өлшенбейді. Маңыздысы – мемлекеттік инвестицияның ел ішіндегі өндіріс пен кәсіпкерлікке қаншалықты қозғау салатыны. Бір өңірде жол, инженерлік желі немесе тұрғын үй құрылысы қолға алынса, оған қажетті материалдар мен қызметтерге де сұраныс артады. Мұндай тапсырыстар отандық кәсіпорындардың жұмысын жандандырып, жеке бизнестің жаңа жобаларға араласуына жол ашады.

Ауқымды құрылыстың ел экономикасына берер пайдасы ең алдымен оған жұмсалған қаржының қаншалықты тиімді айналымға түсетініне байланысты. Мемлекеттік инвестиция инфрақұрылым нысандарын салумен шектелмей, жеке капиталдың келуіне, кәсіпкерліктің қанат жаюына және өндіріс орындарының жұмысын жандандыруға ықпал етуі керек. ҚСЗИ директоры Жандос Шаймарданов та бастаманың осы қырына назар аударып отыр.

– Алдағы ауқымды құрылыс елдің қаржылық, инвестициялық, өндірістік және еңбек ресурстарын жұмылдыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік инвестициялар инфрақұрылым нысандарын қаржыландыру көзі ғана емес, сонымен қатар жеке капиталды тартуға, кәсіпкерлік белсенділікті кеңейтуге және сабақтас салаларды дамытуға серпін беруге тиіс, – дейді ол.

Мұндай серпіннің нақты нәтижесі құрылысқа қажетті өнімнің қайдан жеткізілетініне де байланысты. Егер ірі жобаларға отандық кәсіпорындардың өнімі көбірек тартылса, құрылыс саласындағы сұраныс өндіріс орындарына тұрақты тапсырыс болып оралады. Кәсіпорындар өндіріс көлемін ұлғайтып, жаңа қуат көздерін іске қосуға мүмкіндік алады. Сондықтан QazIndustry басқарма төрағасы Эльдар Гумаров жалпыхалықтық құрылыс бастамасын өнеркәсіпті дамытудың да маңызды тетігі ретінде бағалайды.

– Жалпыхалықтық құрылыс жылы – инфрақұрылым салу науқаны ғана емес, іс жүзіндегі қуатты өнеркәсіптік саясат, – дейді ол.

ӨМІР САПАСЫНЫҢ ӨЛШЕМІ ҚАНДАЙ?

Алайда өндірістің өркендеуі мен құрылыс қарқыны, түптеп келгенде, халықтың тұрмысынан көрінуге тиіс. Әсіресе баспана мәселесінде сан қуалаудан гөрі, салынған үйдің кімге қолжетімді екеніне мән берген абзал. Сондықтан да тұрғын үй құрылысының өсуі халықтың төлем қабілетті сұранысымен қатар жүруі керек. Бұл – құрылыс көлемі артқанымен, баспана бағасы мен оны сатып алу мүмкіндігі арасындағы алшақтық ұлғайып кетпеуі үшін маңызды.

Мәселенің тағы бір қыры – жаңа үйлердің айналасында жайлы өмір сүруге қажетті жағдайдың жасалуы. «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Алтай Күздібаев тұрғын үй құрылысын инженерлік желілерден, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымнан бөле-жара қарауға болмайтынын атап өтті.

– Тұрғын үй құрылысы – соңғы жылдары тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі рекордтық көрсеткішке жеткен құрылыс саласын дамытудың негізгі бағыттарының бірі. Сонымен бірге құрылыс көлемін ұлғайту қалаларымыз бен ауылдық аумақтарымызда жайлы орта қалыптастыру үшін инженерлік желілерді, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға кешенді көзқарасты талап етеді. Жобаларды жүйелі іске асыруға мүмкіндік беретін ұзақмерзімді қаржыландырудың қолжетімділігі мен жеке инвестицияларды тарту тетіктері маңызды рөл атқарады, – дейді ол.

Түптеп келгенде, бөлінгелі отырған бұл қаражаттың қайтарымы қанша адамның тұрақты жұмыс тапқанынан, қанша отбасының табысы артқанынан, қанша кәсіптің өрісін кеңейткенінен көрінгені жөн. Әсіресе жастар туған жерінде болашағын көріп, еңбек жолын өз өңірінде жалғастыруға мүмкіндік алса, көші-қонның да беталысы өзгере бастар ма еді?! Сондықтан болар, «Халықтық құрылыстың» шынайы жемісі – елді мекендерде жаңа ғимараттардың бой көтеруі ғана емес, сол жерде өмір сүріп, еңбек етуге деген сенімнің нығаюы деп білеміз.

3 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазір еліміздің экономикалық дербестігі мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ауыл шаруашылығы саласы стратегиялық негізге айналып отыр. Ауыл – ел бесігі ғана емес, ұлттық болмысымыз бен берекеміздің алтын діңгегі. Сондықтан ауыл шаруашылығы әрдайым мемлекет назарында.



ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ:

АДАЛ еңбекпен ӨРІЛГЕН өнеге

Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің туғанына 100 жыл

«Президент ретінде мен осы саланың қарқынды дамуына ерекше мән беремін. Халқымыз «Егін ексе, ел тоқ» деп бекер айтпаған. Еңбекқор, мақсаты айқын азаматтарымыз күнделікті маңдай терімен ұлттық байлығымызды еселеп, ел келешегінің жарқын болуына аянбай үлес қосуда. Мұндай іспен айналысып жатқан адамдарға қолайлы жағдай жасап, еліміздің шынайы патриоттарын ынталандырып отыру керек. Біз бұл шаруаны назардан тыс қалдырмаймыз. Нағыз еңбек, қайнаған тірлік ауылда, ауыл шаруашылығында екені сөзсіз. Өз ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары, адал азаматтар қашанда табысқа жетеді», – деп ел экономикасындағы аграрлық сектордың маңыздылығын және осы саладағы азаматтардың қажырлы еңбегін атап өткен болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумында сөйлеген сөзінде.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының «Ауыл аманаты» секілді ауқымды бағдарламалары мен агроөнеркәсіп кешенін модернизациялау саясаты бүгінгі күннің басты талабы екені даусыз. Аталмыш заманауи реформаларды табысты да нәтижелі жүзеге асыру үшін тек жаңа технология мен инвестиция ғана емес, жер тілін білетін, істің көзін табатын нағыз ұйымдастырушылық мектеп қажет. Бүгінде ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге барынша басымдық беріліп жатқан осы тұста, еріксіз дала еңбегінің нағыз хас шеберлерінің тәжірибесі – уақыт сынынан өткен бағдаршам іспетті. Себебі қазіргі біз айтып жүрген тиімді менеджмент пен агрореформалардың іргетасын сонау өткен ғасырда маңдай термен, табанды да қажырлы еңбекпен қалап кеткен тұлғалар бар.

Тарих қойнауына енген әрбір дәуірдің өзіндік кейіпкерлері, елі мен жерінің гүлденуіне өлшеусіз үлес қосқан еңбек майталмандары болады. Соның бірі – Социалистік Еңбек Ері, майдан шебінде шыңдалып, бейбіт күнде берекелі еңбектің туын тіккен әкеміз Алдаберген Бисенұлы. Адалдық пен әділдік, темірдей тәртіп – саналы ғұмырының 30 жылдан астам уақытын Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетуге сарп еткен әкеміздің өмірлік ұстанымы болды. Бүгінде әулеттің темірқазығына айналған ардақты жанның 100 жылдық мерейлі жасында оның артында қалған ұрпақтары әке есімін мақтанышпен еске алады. Ел үшін туған ердің еңбегі – тарих парағында, ал жарқын бейнесі ұрпақ жүрегінде мәңгі сақталады.

Алдаберген Бисенұлы 1926 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Ақкұм ауылында дүниеге келген. Әкеміздің жастық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Ұлы Отан соғысына қатысып, (1944-1945 жж.) Жеңіс күнін Германияның атақты Эльба өзені бойындағы Магдебург қаласында қарсы алған. Ол соғыс жылдарында жастық жалынын Отан қорғауға арнап, майданның алдыңғы шебінде болды. Жауынгерлік ерліктері үшін I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған. Көкірегінде от, бойында қайрат бар жас жігіт от пен оқтың ортасынан аман оралып, бейбіт өмірдің іргетасын қалауға бір кісідей атсалысты.

1952-1955 жылдары Алдаберген Бисенұлы Қызылорда ауылшаруашылық техникумында оқып, техник-механик біліктілігін алған. 1955-1958 жылдары Жалағаш ауданының Мәдениет МТС-ында учаскелік механик, 1958-1962 жылдары «Еңбек» ұжымшарында бас инженер-механик қызметтерінде өнертапқыштық қыры жарқырай көрініп, шөп жинау және жер жырту техникаларын жетілдіру бойынша ұсыныстары өндіріс саласына енгізіліп, жаңашылдық бастама ретінде кеңінен тарады.

Әкеміздің еңбектегі өмір жолына көз жүгіртсек, оның бойындағы ұйымдастырушылық қабілет пен мамандыққа деген адалдықтың жарқын көрінісін байқаймыз. Ол кісінің агроөнеркәсіп саласындағы қолтаңбасы әсіресе 1960-1962 жылдары Жалағаш ауданы «Жаңаталап» ұжымшарының басқарма төрағасы болған тұста ерекше жарқырап көрінді. Мемлекеттік басқарудың жауапкершілігін терең сезінген ол Алматыдағы кеңшар директорларын даярлайтын арнайы курсты үздік тәмамдаған соң, аталған шаруашылық тізгінін сегіз жыл бойы үзіліссіз ұстап, оны аймақтағы алдыңғы қатарлы озық ұжымдардың қатарына қосты. Ол тек бұйрық беруші әкімгер емес, өндірістің ішкі иірімдерін терең түсінетін ғалым-тәжірибеші еді. Соның дәлелі ретінде, күндізгі қарбалас жұмыстан қол үзбей жүріп, Қазақ ауылшаруашылық институтын агрономия мамандығы бойынша бітіріп шықты. Аталған теориялық білімін тәжірибемен ұштастыра отырып, шаруашылықты механикаландырудың өнертапқыштық жаңа жобаларын жасап, оларды өндіріске енгізді.







Сыр өңіріндегі диқаншылықтың басты күретамыры – су мәселесі екенін ерте түсінген басшы шаруашылық аумағына жаңадан каналдар тартқызып, егістік жерлерді жүйелі суландыру жүйесін жолға қойды. Аталмыш реформалар өнімнің сапасын көтеріп, түсімін еселеп арттыруға тікелей ықпал етті. Нәтиже көп күттірген жоқ; кеңшардағы 1 300 гектар күріш егісі көлемі қысқа мерзімде 2 800 гектарға ұлғайып, оның әр гектарынан алынатын өнімінің түсімі 50 центнерге жетті. Бұл көрсеткіш сол заманның өлшемімен алғанда рекордтық нәтиже еді. Осындай ерен еңбек пен ғылыми тәсілдің арқасында «Жаңаталап» кеңшарының даңқы аудан шеңберінен асып, облыс, республика көлеміне танылды. Ең бастысы, әкеміздің ұйымдастырушылық шеберлігі тек өндірістік көрсеткіштермен ғана шектелмей, ауылдың әлеуметтік ахуалын жақсартуға, оның экономикасы мен мәдениетін жаңа белеске көтеруге бағытталды.

1972 жылдан бастап Тереңөзек ауданына қарасты Қазақ КСР-ның 50 жылдығы атындағы (қазіргі Н.Ілиясов атындағы ауыл) кеңшарды басқарған тұста да тың бастамалар көтеріп, ғылым мен техника жаңалықтарын өндіріске батыл енгізіп, шаруашылықтың экономикалық дағдарыстан шығуына тікелей басшылық жасаған. Тауарлы сүт кешенін ұйымдастырып, асылтұқымды мал басын 4 000-ға жеткізіп, олардың әрқайсысынан жылына 3 800 литрден сүт өндіруді қамтамасыз етті. Ауыл халқының тұрмыс-жағдайын айтарлықтай деңгейге көтеріп, ел ішіндегі ахуалды жақсарту жолында нәтижелі еңбек етті. Ауыл орталығынан зәулім тұрғын үйлер, мәдениет үйі, қонақүй, жаңа үлгідегі сауда орталығы, әкімшілік және халыққа қызмет көрсету орталығы сияқты нысандар қалалық сәулет үлгісімен бой көтерді.

Облыстық мерзімді басылым беттерінің 1985 жылғы 21 желтоқсандағы санында газет тілшісі аталмыш кеңшардың сауын комплексінен таңдай қағарлық тамаша фактілерді тізіп берген. Онда былай деп баяндайды: «Қазақстанның 50 жылдығы» атындағы кеңшардың сауыншылары жұмыстан соң тұрмыстық мұқтаждығын ойлап үйді-үйіне асықпайды. Асхана, демалыс орны, теледидар, электр жарықты ванналар, автодүкен – бәрі сауыншыларға белгілі уақытта жұмыс орнында қызмет көрсетеді. Сондай-ақ күллі ғимарат су арқылы жылып, жұмыс киімдерін тазартып жуатын бөлмелер де қарастырылған. Осылайша, жаңа басшы ауыл адамдарын жаңа жағдайда еңбек етуге тәрбиеледі. Өз кезегінде, бүгінгі кеңшар директоры Алдаберген Бисенұлы өмір сабақтарын да, өз бағасын да сол халықтан алған азамат еді. Сенбесеңіз, оның еңбек жолымен жүріп өтіңіз, қарияларды тыңдаңыз, көзіңіз көріп, құлағыңыз естиді.

Қазір «батырлар ауылы» атанған Нағи Ілиясов ауылы – Сыр өңіріндегі «Үлгілі ауыл» номинациясының жеңімпазы.

Бүгінде ауылдың экономикасы дамыған, әлеуеті артқан. Әлеуметтік нысандар жаңарып, гүлденіп, көркейген ауыл өзге елді мекендерге үлгі-өнеге. Ардагер тұлғаның есімі мен ол басқарған шаруашылықтардың жетістігі – бүгінгі дамыған заманның ауыл шаруашылығы мамандары үшін еңбекқорлық пен мемлекетшілдіктің жарқын үлгісі.

Кез келген мемлекет үшін адам факторы бірінші орында тұрады, еңбек адамының рөлі де ерекше. Талмай еңбектенген адам ғана шынайы бақытқа кенеледі. Біз әкемізді шынайы бақытқа кенелген адам деп білеміз. Ол кісі марапат үшін еңбек еткен жоқ, бірақ оның маңдай терімен келген әрбір жетістігі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, кеудесіне жарқыраған ордендер мен медальдар тағылды. Мемлекеттік марапаттарды таққан сәттегі әкеміздің жүзіндегі қарапайымдылық пен жауапкершілік сезімі әлі күнге көз алдымызда. Еңбек адамы қашанда құрметке лайық. Елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі жоғары бағаланып, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын және күміс медальдарын иеленді. Есімі Қазақстанның «Құрметті Алтын кітабына» енді. Еліміздің ауыл шаруашылығын дамытудағы қажырлы еңбегі үшін 1971 жылы Алдаберген Бисенұлына Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, кеудесіне «Алтын жұлдыз» тағылды.

Елге жасаған еңбегін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы №1021 қаулысымен Жалағаш ауданы, Ақкұм ауылындағы №38 орта мектепке Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері Алдаберген Бисенұлының есімі берілді. Бүгінде білім ордасында шәкірттерге үлгі-өнеге болатын еңбеккер тұлғаның мұражайы жұмыс істейді. Алдаберген Бисенұлының аңызға айналған еңбегін, өнегелі істерін, пайым-парасатын Сыр бойы қаламгерлері шығармаларына арқау етті. Еңбек еріне ақиық ақын-жазушылар дастандар мен очерктер арнады. Бұл Әкеміздің еңбегін көрген, ықыласын сезген, қамқорлығына бөленген адамның ыстық ықыласы, жүрекжарды сөзі болса керек.

Шүкір, Алла, заманым еркін бүгін,
Бүркемейді сәулелі көркін күнім.
Көп алдында сөйлеймін ашық-жарқын,
Өйткені тәуелсізбін, серпіндімін!

Ана сүтін алаңсыз арда емген,
Жүрегінің жылуын жаңға берген,
Құдіретін еңбектің елге ұқтырып,
Тыныстап жатыр Сырда Алдаберген.

Жөнім бар бүгін менің мақтанатын,
Ешкіммен болған емес бақталасым.
Ағаны ел есіне салдым, тағы,
Келер ұрпақ жүрсін деп жаттап атын!

Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Итен Қарымсақұлы «Жүрек жазбалар» атты кітабында еңбек адамына деген шынайы құрметін осылайша өлең жолдарымен жеткізген. Әкеміз Алдаберген Бисенұлының өнегелі өмірі мен халыққа сіңірген еңбегі кейінгі ұрпаққа рухани мұра болып қалды. Ол туралы «Өрлеу жолында» (1979 ж.), «Нар тұлға» (1996 ж.), «Өнегелі өмір» (2004 ж.), «Өмір – өзен» (2005 ж.), «Рухқа тағзым» (2006 ж.), «Тұғырлы тұлғалар» (2012 ж.), «Тарих тағылымы» (2014 ж.), «Батырлар басқарған ауыл» (2015 ж.), «Қалдырған ізің мәңгілік» (2017 ж.), «Ел ардақтылары» (2018 ж.) атты естелік кітаптар жазылып, деректі фильм түсірілді.

«Ер есімі – ел есінде». Биыл 20 мамырда Қызылорда қаласындағы Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Сыр елінің аяулы перзенті, Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенұлының туғанына 100 жыл толуына арналған «Тұғыры биік тау тұлға» атты еске алу кеші өтті. Кешке мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, ғалымдар мен жастар қатысты. Қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бекмырза Еламанов, Шакизат Төребаев, ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпанов, ардагер-журналист Еркін Әбілов қатысып, әкеміз Алдаберген Бисенұлының өнегелі өмірі, биік парасаты, еселі еңбегі мен қадір-қасиеті, тағылымды мұрасы туралы ой-пікірлер мен естеліктерін айтты. Ақын Ғазиза Әбілда ардақты азамат Алдаберген Бисенұлына арнаған арнау өлеңін оқыды.

Бүгінде ортамызда болса, 100 жастың асқаралы белесіне шығатын әкеміз еңбекте ғана емес, отбасында да үлкен мектеп қалыптастырды. Аяулы да, ардақты анамыз Зүбайра Сейілқызымен ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұл-қыздарын білім алуға және елге қызмет етуге баулыды. Ұлағатты ұядан ұшқан перзенттері бүгінде әке аманатына адал, ел мақтаған азаматтарға айналды. Қазір әр салада егемен еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Бірі – ғалым, қоғам қайраткері, екіншісі – болашақ ұрпақты тәрбиелеген ардақты ұстаздар. Енді бірі – еліміздің экономикалық тірегі саналатын мұнай саласының маманы. Ең бастысы, әкеміздің қасиетті қара шаңырағы мен кәсіби жолын жалғап, ауыл шаруашылығы саласында аграрлық секторды дамытуға үлес қосып жүрген перзенттері де бар. Бұл – ұрпақ сабақтастығының, әке мектебінің өміршеңдігінің жарқын дәлелі. Әкенің артында қалған өнегелі ісі мен елге жасаған риясыз қызметі – бүгінгі және келешек жас ұрпақ үшін де таусылмас ғибрат мектебі, елге қызмет етудің шынайы үлгісі болып қала бермек.

Гүлсім БИСЕНОВА,
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, ғалым-ұстаз

АЙНА

3 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ



КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ – ЗИЯТКЕР ҰЛТ

Елімізде кейінгі жылдары кітапқұмарлар саны артып, оқымысты оқушылар көбейген. Дегенмен кітап оқу санмен емес, сапамен өлшенуге тиіс. Сапа – ол оқу ғана емес, оқығанын санаға тоқып, жүрекке түйе білу. Астана қаласында кітап оқуды іскерлікке, қоғамдық мәдениетке айналдыра алған оқырман бар. Ол өзі оқыған мектебінде кітапхана ашып, оқуға қолайлы орта қалыптасыруға зор үлес қосып жүр.



Елордадағы №5 мектеп-гимназия оқушылары арасында кітап оқуға деген құштарлық бұрыннан дәстүрге айналған десек болады. Олар оқуда ғана емес, ағартушылық-зияткерлік бағытта да замандастарынан алда. Мектептің 1996 жылғы түлегі биыл өзінің алтын ұя мектебіне кітапхана ашып берген. Жақсылық жасаудың жарқын үлгісін жанына серік еткен шәкірт ұстаздарынан өзінің атын атап, мақтамауды өтінген екен. Бірақ мектеп ұжымы шәкіртінің игі ісімен мақтанып, «Жақсының жақсылығын» айтуды жөн көреді. Халқымызда «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деген нақыл сөз бар. Осындай игі істер атқарып жатқан шәкіртіне ұстаздардың алғысы шексіз.

– Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп хакім Абай, білім мен ғылымның қайнар бұлағы кітап екенін, оны ерінбей оқып, санаға тоқу керектігін өсиет етті. Баба өсиетін бойына дарыта білген, болмысына айналдыра алған шәкіртіміз өзі түлеп ұшқан алтын ұя мектебіне деген құрметін ерекше іспен көрсетті. Ол кейінгі буынның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында, өзі білім алған мектеп кітапханасын заманауи үлгіде жабдықтады. Сондай-ақ оқу ордасына деген құрметі мен ризашылығын тағы бір игі іспен жалғастырып, ұстаздарға арнап заманауи әрі жайлы мұғалімдер бөлмесін жабдықтауға зор қолдау көрсетті. Бұл – ұстаз еңбегіне деген құрметтің, туған мектебіне деген жанашырлықтың және жақсылықты іспен көрсетудің жарқын үлгісі. Оның бұл қайырымды қадамы кейінгі ұрпаққа өнеге болып, мектеп өміріне қосылған үлкен үлес ретінде бағаланды. Ол өзін мақтағанды, ісімен мақтанғанды да ұнатпайды, – деді №5 мектеп-гимназия директоры Қарлығаш Инербаева, мектепке зор құрмет көрсеткен шәкіртін мақтан тұта, марқайып...

«Кітап оқитын ұлт» марафоны жарияланғаннан бері елорда кітапханаларына 12 576-дан астам оқырман тіркеліп, қатысушыларға шамамен 31 440 дана кітап берілген.

Заман талабына сай жабдықталған, кітап қоры мол бұл кітапхана – талай шәкірттің білім жолына шамшырақ болып, болашағына жол ашады деп сенеміз.

Кітап – адамзат баласының сан ғасырлық ақыл-ойының, мәдениетінің, даналығы мен рухани ізденісінің жемісі. Ол – адамға рухани азық, адал дос, айнымас серік. Кірпік қақпанша үздіксіз жаңарып, жылдам өзгеріп жатқан қызылды-жасылды әлемде бір сәт аялдап, гаджетке емес, кітапқа үңіліп, жанға қуат алудың жөні бөлек. Ғалымдардың айтуынша, кітап оқығанда әлеуметтік желі парақтағаннан гөрі ми тез тынығады, жүрек соғысы баяулап, күні бойғы шаршау басылады. Яғни небәрі 6 минут кітап оқу адамның күйзеліс деңгейін 68%-ға төмендетеді. Бұл музыка тыңдаудан (61%), сүйікті шай не кофе ішуден (54%) және таза ауада серуендеуден (42%) әлдеқайда тиімді.

«Кітап оқып отырғанда, ми жасырын қабілеттерін шыңдайды. Эмори университетінің (АҚШ) зерттеулері кітап сюжеттері нейрондық желіде ұзақ уақыт із қалдыратынын дәлелдеді. Тұрақты оқу арқылы (бір кітапқа сол 11-12 күн) адамның эмпатиясы дамиды, зейіні шоғырланады және когнитивтік қор жиналады» дейді ғалымдар.

Мемлекет басшысы қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «23 сәуірді – Ұлттық кітап күні» деп белгілеп, зияткерлік-ағартушылық және рухани жаңару стратегиясының басым бағыты саналатын «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасын бекітті. Қазір елімізде жаппай кітап оқу үрдісі қалыптасып келеді. Тұжырымдама аясында былтыр Қарағанды, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында пилоттық негізде «Кітап оқитын ұлт» жобасы ұйымдастырылып, оған 190 мыңға жуық оқырман қатысқан болатын. Жобаның негізгі мақсаты – қоғамда тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапқа деген қызығушылықты арттыру және зияткер ұлт тәрбиелеу.

Биыл «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығын іске асыру мақсатында «Кітап оқитын ұлт» жобасының аясы кеңейіп, оқуға, үйренуге, ойлануға және алған білімді өмірде қолдануға деген тұрақты дағдыны қалыптастыруға бағытталған ұзақмерзімді республикалық марафон өтіп жатыр. Елімізде оқуға құштар мектеп оқушылары мен студенттерді, педагогтер мен мемлекеттік қызметшілерді, отбасылар және басқа көптеген оқырманды біріктірген оқу марафоны 2027 жылдың сәуір айына дейін жалғасады. Reading-nation.kz сайтының мәліметінше, марафонға еліміздің түкпір-түкпірінен 1 493 882 оқырман тіркелген.

Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ұсынған мәліметке сәйкес, «Кітап оқитын ұлт» марафоны жарияланғаннан бері елорда кітапханаларына 12 576-дан астам оқырман тіркеліп, қатысушыларға шамамен 31 440 дана кітап берілген. Оқушылардың кітап таңдау талғамы да, оқу әдеті де әртүрлі. Біріне қиялғажайып оқиғалар ұнаса, енді бірі қазақ әдебиетіне қызығады.

Елордадағы №5 мектеп-гимназияның директоры Карлығаш Инербаеваның айтуынша, бүгінде адамды әлеуметтік желілердегі түрлі контент магнитше тартқан заманда мектеп қабырғасында кітап оқуды жанына серік еткен, ерекше жетістікке жеткен оқушылардың болуы – үлкен мақтаныш.



– Көрнекті қазақ жазушысы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген қанатты сөзі санамызда сақталып қалды. Ендеше кітап оқу – адамның ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын молайтып, дүниетанымын қалыптастыратын маңызды дағды. Бүгінде мектеп қабырғасында кітап оқуды жанына серік еткен, ерекше жетістікке жеткен оқушылардың болуы – үлкен мақтаныш. Сондай оқушыларымыздың бірі 11«в» сынып оқушысы Айзере Қадырғажы, – деді Қ.Инербаева.

Кітап оқуға құмар, зейіні сергек Айзере бүгінгі күнге дейін 100-ден астам кітап оқыған. Оның жеке кітапханасында шамамен 160 кітап бар.

Шын мәнінде, білім мен еңбекті серік еткен, ұлтқа қызмет етуді өмірлік миссия санаған ұрпақ ұстаздарының мақтанышы ғана емес, ел дамуының басты байлығы десек болады.

ҚОСЫМША БІЛІМ – ҚАБІЛЕТТІ ШЫҢДАЙТЫН ОРТА

Ұлытау облысында 39 216 оқушы қосымша біліммен қамтылған. Бұл өңірдегі оқушылардың жалпы санының 73,6 пайызын құрайды. Қазір облыста 10 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оларда 8 415 оқушы білім алса, мектептер жанындағы үйірмелер мен спорт секцияларына 30 801 оқушы қатысады.



Өңірде балалардың қызығушылығы мен қабілетіне қарай шығармашылық, музыка, бейнелеу өнері, спорт және танымдық бағыттар бойынша түрлі үйірме мен секциялар ұйымдастырылған. Бұл балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне, қабілеттерін шыңдап, жаңа дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру жұмыстары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарымен, «Таза Қазақстан» бастамасымен және «Заң мен тәртіп» қағидатымен ұштастырыла жүргізілуде.

Атап айтқанда, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар мен танымдық іс-шаралар арқылы оқушылардың бойында адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік және өзара құрмет сияқты құндылықтарды қалыптастыруға басымдық берілген. Сонымен қатар балаларды қоршаған ортаны қорғауға, тазалық сақтауға және қоғамдық тәртіп пен заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу жұмыстары жүргізіледі.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, алдағы уақытта да балаларды қосымша білімімен қамту аясын кеңейтуге, үйірмелер мен секциялардың қолжетімділігін арттыруға және олардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға көңіл бөлінеді.

Ата-аналар балаларының қызығушылығына сәйкес үйірмелер мен секцияларға жазылу тәртібі және қатысу шарттары туралы толық ақпаратты тұрғылықты жеріндегі қосымша білім беру ұйымдарынан немесе мектептерден ала алады.

ШАХМАТТАН ОБЛЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жезқазған қаласындағы «Жігер» спорт кешенінде ұлдар мен қыздар арасында классикалық шахматтан Ұлытау облысының чемпионаты өтті.

Облыстық біріншілікте жас шахматшылар 7, 9, 11, 13, 15 және 17 жасқа дейінгі алты жас санаты бойынша бақ сынады. Ұлдар мен қыздар арасындағы жарыстар бөлек ұйымдастырылып, швейцариялық жүйе бойынша тоғыз тур өткізілді.

Чемпионат қорытындысында әр жас санаты бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Жарыс ережесіне сәйкес, алғашқы үш орынға ие болған шахматшылар 2027 жылы өтетін Қазақстан чемпионатына қатысу құқығына ие болды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Чемпионатты Ұлытау облысының шахмат федерациясы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасымен келісім бойынша ұйымдастырды.



Бетті дайындаған Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4809
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Ербол ТҰРЫМБЕТ